


СӨЗ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

С1 ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІНЕ АРНАЛҒАН ОҚУ ҚҰРАЛЫ



Астана, 2024

Ж. Ерекешова
А. Орынбаева



СӨЗ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ



С1 ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІНЕ АРНАЛҒАН
ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Астана, 2024

ӘОЖ 80/81

КБЖ 81.2

Е66

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша

«Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КЕАҚ әзірледі

Пікір жазғандар:

Әбілов Алдажар Әбдірасулұлы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты.

Исаева Жанар Аманжолқызы, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты.

Құрастырушылар: Ж. Ерекешова, А. Орынбаева

Редактор-корректор: М. Ермахан

Сөз және сөйлеу мәдениеті. С1 жоғары деңгейіне арналған оқу құралы. – Астана, 2024. – 128 бет.

ISBN 978-601-09-8447-9

Сіздерге ұсынып отырған «Сөз және сөйлеу мәдениеті» С1 жоғары деңгейіне арналған оқу құралы өңір халқының тілді білу деңгейіне сәйкес әзірленді. Сабақ барысында қазақ халқының тілек айту, бата беру дәстүрі мен көңіл қосын білдіру, аманатқа берік болу, іскерлік қарым-қатынас орнату сияқты мәселелер бойынша нақты мысалдар мен тапсырмалар қамтылған. Сондай-ақ, тыңдаушының тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым, сөйлесім дағдыларын дұрыс қалыптастыру мақсатында ұлттық сөз оралымдары (шешендік сөздер, аңыз әңгімелер) берілген. Курс барысында тыңдаушы шұрайлы һәм таза сөйлеуді, кесімді пікір айтуды, дәлелді тұжырым ұсынуды үйрене отырып, қазақ тіліне деген құрметі артады.

© Қазақстан Республикасы Ғылым
және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті, 2024

© «Ш.Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ҰҒПО» КеАҚ, 2024

МАЗМҰНЫ

	АЛҒЫ СӨЗ	4
	КІРІСПЕ	5
1 ТАРАУ	1-сабақ. Жалпы тіл мәдениеті туралы түсінік	10
	2-сабақ. Тарих және тұлға	20
	3-сабақ. Шешендік (ораторлық) деңгейіңіз қандай?	29
2 ТАРАУ	ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАҒЫ СӨЗ ӘДЕБІ ...	38
	1-сабақ. Мерекелік тілек айту әдебі	39
	2-сабақ. Бата беру әдебі	45
	3-сабақ. Аманат. Көңіл сұрау, көңіл қосын білдіру әдебі	52
	4-сабақ. Менің әлеуметтік әлемім	61
3 ТАРАУ	ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ МАЗМҰНДАҒЫ СӨЗ ӘДЕБІ	69
	1-сабақ. Тайм-менеджмент	70
	2-сабақ. Дипломатиялық қарым-қатынас	78
	3-сабақ. Академиялық шешендік	86
	4-сабақ. Пікірталас мәдениеті	94
4 ТАРАУ	1-сабақ. Билер сағаты	103
	Қорытынды	109
	Сөздік	113
	Ескертпелер үшін	126
	Пайдаланылған әдебиеттер	127

АЛҒЫ СӨЗ



Қазақ тілі - сұлулығымен бөй балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл.

Б. Момысұлы

Қазақ тілі – өзінің даласындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Оған қысылып-қымтырылу, ерін ұшынан шүлдірлеп, былдырлау мүлде жат. Қазақ нені айтса да аузын толтырып айтады. Даланың қоңыр желіндей есіп тұратын сөз өнері туралы ақын Абай «Сөз өнері дертпен тең» деп, оның күдіреті мен киесін өскелең ұрпаққа осылайша аманаттады. Сөзді асқан нәзік, сұлулығына сәйкес жібек жіпке теңесе, енді бірде өткірлігін наркескен қылышқа теліген. Қазақ халқы жақсы ойдан туатын жақсы сөзді ырысқа балап, өз орнында қолдану арқылы теңдессіз күшті құралға айналдырған.

Сіздерге ұсынып отырған «Сөз және сөйлеу мәдениеті» С1 жоғары деңгейіне арналған оқу құралы өңір халқының тілді білу деңгейіне сәйкес әзірленді.

Тарихтан белгілі қазақ тілі қазақтың дәстүрімен бірге дамып, бірге жасап келеді. Адамдар бір-бірін түсінісу үшін тіл қалай қажет болса, өмірдегі түрлі қарым-қатынас (*ресми, мәдени-көпшілік, күнделікті тұрмыстық*) жасау үшін сөз бен сөйлеудің мәні зор. Ортақ тақырыпта тіл табысып, көп алдында (*ресми жиналыс, мерекелік, салтанатты шара*) шебер де таза сөйлеудің әдістемесін меңгереді. Орақ тіл, от ауызды шешендер мен ел басқарған көсемдердің ғибраттарын үлгілей отырып ескіріп бара жатқан есті де айбаты мол аталы сөздің қадірін ұғындыруға арналған оқу құралының қолданушы үшін берері мол. Бұл еңбекте *кіріспе, әлеуметтік тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі, қоғамдық-саяси мазмұндағы сөз әдебі, қорытынды бөлімдер* бойынша практикалық жұмыстар, дағды қалыптастыру жаттығулары қамтылған.

Қазақ тілін үйрету мен оқыту мәселесі – қоғаммен бірге қалыптасып, дамып отыратын жоспарлы әрекет. Кешен авторларының мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру жолындағы еңбектеріне табыс, тіл үйренушілерге сәттілік тілеймін!

*Сембиева Гүлбану Ғарифуллақызы
Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының
оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы*

КІРІСПЕ

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал “Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы” 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына (*Мемлекеттік тілдің беделін арттыруға, қолданылу салаларын кеңейтуге, тіл мәдениетін жетілдіру, «Саясаткердің шешендік өнері», «Мемлекеттік қызметшінің көпшілік алдында сөз сөйлеуі», «Ресми мәтін және жазылым дағдылары» тақырыбында курстар, семинарлар, тренингтер ұйымдастыру*) негізделіп отырып, ұлттық таным мен ұлттық сөз саптау мәдениетін дамытуды жоспарлап жүрген кез келген ересек азаматтарға арналып әзірленді.

Курстың өзектілігі:

Қазіргі таңда тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген мәдениеті жоғары адамдарға қоғам қажетсінуі айқын аңғарылуда. Сонымен бірге, жалпы сөз сөйлеуді шебер меңгеруді қажет етпейтін мамандық атаулы жоқ. Ал адам іс-әрекетінің кейбір салаларында ол аса қажетті де тиімді жұмыстың міндетті алғышарты. Сауатты да шешен сөйлей білу дағдысы адамдар арасында жылы әрі жағымды қарым-қатынас орнатуға және оны сақтауға мүмкіндік береді. Мағынасы көмескі, тіптен қажетсіз көрінетін сөзді өз орнында, дәл мезетінде шебер, шынайы қолдана білсе, ол теңдессіз күшті құралға айналары сөзсіз.

Адамдардың қарым-қатынасы жақсы болуы үшін, тек қана тілді, оның грамматикасы мен сөздік қорын білу жеткіліксіз. Ол үшін пікірлесуші адамның көзқарасын өзіне аударып, баурап іскерлік-ресми әңгімеге қатысу үшін, ақырында шаршы топта еркін сөйлеу үшін өз сөзінді орынды үйлестіре білуге үйрену қажет. Бүгінгі заман талабы білім мен қабілетті, мәдениет пен еңбекті өз ісімен көрсете алатын іскер мамандарды қажет етеді. Іскерлік қарым-қатынастың өзіне ғана тән ерекшеліктері, қалыптасқан әдеттері, тұрақталған құжаттары бар. Сонымен қатар, іскерлік қарым-қатынастағы ауызша сөйлеу тілі үшін сауаттылық та өте маңызды. Белгілі бір мекемеде қызмет барысында пікірлесу, құжаттар алмасу, келіссөз жүргізу, келісімшарт жасау, жиналыстар, дөңгелек үстел өткізу үшін іскерлік қарым-қатынас тілі маңызды рөл атқарады.

Іскерлік қарым-қатынас тілі маманның белгілі бір салаға қатысты жүйелі білімін, біліктілігін, кәсіби тіл шеберлігін қажет етеді. Маман өз ортасында әріптестерімен пікірлескенде, сәлемдесу, жұмыс барысын таныстыру, өз жұмысының жоспарын қысқаша түсіндіру барысында әдеп пен мәдениеттілік

деңгейін сақтауы керек. Нақты ұсынысты, жоспарды талқылауда басқа адамдардың көзқарастарымен санаспай, дауыс көтере сөйлеу, тек өзінің пікірін біржақты дұрыс санау іскерлік қарым-қатынаста өзара тіл табысуға да кедергі келтіреді.

Сөзді ретімен дұрыс қолдануды А. Байтұрсынұлы сөйлеуші адамның танымы, білімі және өмірде жинақтаған тәжірибесімен байланыстырады: «Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін, тәртіп пен қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады».

Тіл мәдениеті туралы өз заманында ұлы қаламгер М. Әуезов нақты дәлелмен мысалдар келтірген: «Сөз шіркін де адам секілді ғой. Оның да ала-құласы көп. Орнатқан жеріңе қорғасындай құйыла қалатын орнықты сөз бар да, қурайдың басында қылп-қылп етіп ұшып кеткелі тұрған торғайдай ұшқалақ сөз бар. ...Халық соны біліп, сөз екеш сөзді де «одағай сөз, сүйкімді сөз, сайқал сөз, салқын сөз, жылы сөз» деп, түр-түске бөліп жүр ғой. Біз жазушы болғандықтан, осының барлығын білуіміз керек. Солай мәні мен әріне, әуені мен мүсініне қарап електен өткізіп, сұрыптап алмасақ, жазған шығармаларымыз әлде бірдемеге ұқсап кетер еді».

Олай болса, «Сөз және сөйлеу мәдениеті» атты С1 жоғары деңгейіне арналған оқу құралының ерекшелігі – әдеп пен мәдениет шеңберінде сөйлеуге үйрету. Қазіргі қазақ әдеби тілі жазбаша қызметін қандай жоғары сапада атқарып отырса, ауызша түрдегі әлеуметтік қызметін де мемлекеттік тіл дәрежесіне лайық сондай жоғары деңгейде атқаруына қатты көңіл қоюды жұртшылық назарына ұсынамыз.

Курстың мақсаты:

Жеке тұлғаларға, күнделікті ауызекі тілдесім барысында сөйлеу мәдениетінің нормаларын сақтауға және көпшілік алдында ойды еркін дұрыс жеткізуге, күнделікті қарым-қатынаста қазақ тілінің шұрайын, сөз мәйегін өз саласы бойынша кең қолдануға үйрету.

Курстың міндеттері:

- тілдің жалпы адамзаттық құндылық ретіндегі рөлін түсіндіру;
- сөз мәдениетінің сатыларын таныту;
- тілдің эстетикалық табиғатын сақтауды меңгерту;
- түрлі жағдаяттарда қарым-қатынас жасауға дағдыландыру;
- стиль түрлеріне сай тілдік талғамдарын жетілдіру;
- жұрт алдында сөйлеуге төселдіру, көпшілік алдында айтылатын сөздің құрылымын меңгерту;

- іскерлік қарым-қатынас әдебін, іскер маманның тыңдау білігін, сөйлеу өнерін жете меңгеруге, шаршы топ алдында сөз сөйлеу мәдениетін, ресми-іскерлік қарым-қатынаста өзін ұстай білуге, шешендік өнер қағидаларын меңгеруге көмектесу.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Тыңдалым:

Берілген тақырыптар бойынша мәтіндердегі негізгі мәліметтерді (сұхбаттарды, әңгімелерді) түсіне алады.

Оқылым:

Күнделікті қолданылатын материалдарды (хаттар, буклеттер, қысқа ресми құжаттар, газет мақалалары), әртүрлі сезімдер мен тілектерді білдіретін жеке хаттарды, белгілі бір қондырғыны (жабдықты) пайдалану туралы нұсқаулықтарды оқып, мәтіндегі дәйектемелер тізбегін түсініп, қорытынды жасай алады.

Жазылым:

Өз тәжірибесі бойынша сезімі мен әсерін қоса отырып мәтін құрайды, болған оқиға туралы өз ойын (эссе, баяндама, мақала) жазып бере алады.

Айтылым:

Ауызекі тілде өзіне айтылған әңгімені түсінеді, сөйлеу тіліндегі ықшамдылық, үнемділік қағидаларын біледі және сөйлеуде көріктеу құралдары мен айшықтау тәсілдерін қолдана алады. Көпшілік алдында сөйлеудің шарттары мен міндеттерін меңгереді.

Контингент: Мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік сала қызметкерлері, колледж және ЖОО орындарының студенттері, ерікті тіл үйренушілер.

Оқыту мерзімі: 40 сағат (14 күн)

Тіл үйрену деңгейін тексерудің мынадай түрі міндетті болып саналады:

- тест тапсырмалары;
- қорытынды тест – тіл үйренушілердің қазақ тілін меңгеру деңгейін бақылау мен тексеру;
- қорытынды емтихан: жазбаша және ауызша тапсырмалар орындау.

Білімді бақылау тәртібі: сертификат немесе сертификаттық деңгейден өте алмаған жағдайда берілетін «Анықтама қағаз» алу үшін тапсырылатын қорытынды тест, жазбаша және ауызша бақылау тапсырмалары.

Оқу-әдістемелік құрал «Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ғылыми-әдістемелік кеңес отырысында талданып (2024 жылғы №3 хаттама) ұсынылды.



1

САБАҚ

Жалпы тіл мәдениеті туралы түсінік



2

САБАҚ

Тарих және тұлға



3

САБАҚ

Шешендік (ораторлық) деңгейіңіз қандай?



(Тіл мәдениетінің өлшемдері мен оған қойылатын талаптар)

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

- тыңдаушылардың ұлттық тіл тарихы туралы түсініктерін кеңейту.
- қазақ тілінің дамуы туралы түсініктері кеңейіп, әдеби норма бойынша сөйлеуге дағдыландыру.
- қазақ тілінің шұрайы мен сөз әдебі, сөйлеу мәдениеті арқылы ұлттық құндылықтарды сақтауға тәрбиелеу.

САБАҚТЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:

Р. Сыздықова. Тіл және ұлттық мәдениет, 2018;
Н.Уәлиев. Сөз мәдениеті, 1984;
Қ.Жолдыбай. Кемел адам, 199 – бет;
Ж.Ерекешова, М.Меңдібаева. Қазақ тілін кинофильмдер арқылы оқытуға арналған жаттығулар жинағы, 2023.
Ж.Бұлғақ. Сөз менеджмент, 2021.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

Жаңа сабақ



СӨЗҚОРЖЫН

Шаршы топ
ұлттық тіл
халық қазынасы
әдеби тіл
мәдениет
сауаттылық
қағида



САРА СӨЗ

Сөзіңді түзе - әдетіңе айналады,
әдетің - мінезіңе, мінезің -
тағдырыңа айналады.

Ш. Құдайбердіқылы



1-тапсырма. Жоғарыда берілген сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құраңыз.

1.
2.
3.
4.
5.

6.

7.



2-тапсырма. Өз тобыңызда талқылап, сөйлемдер арқылы мәтін құрастырыңыз. Мәтінге тақырып таңдаңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

СӨЗТҮЗЕР

Ағымдағы жылы. Азамат өзінің жұмыс орнын ауыстырған кезде ағымдағы жылғы 26 желтоқсан мен 2021 жылдың 9 қаңтарына дейін есептен шығару жөнінде өтініш білдіре алады. (Грамматикалық-мағыналық қате). -ғы жұрнағы орынсыз қайталанып тұр. Орынсыз қайталау болмау үшін, дұрысы, ағымдағы деген сөзді осы немесе биыл сөзімен алмастырған жөн.

Дұрысы: осы жылғы//биыл ...

СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Тоқсан би дүниеден өтер шағында жиналған көпшілік, «Кейінгі біздерге айтып қалдыратын нендей өсиетіңіз бар?» деп сұраған екен. Сондағы бидің сөзі қандай?

Жауап:

Аса биік болсаң, асыларсың, өте төмен болсаң, аяққа басыларсың, орташа болсаң, қатарға қосыларсың. Тоймасты тойдырам деме, есің кетер, болмасты болдырам деме өмірің бекерге өтер. Аз ғана елге басшы болсаң – жоқтаусыз болып басың кетер. Шаруаң әлсіз болып, өзің бұзық болсаң, жығып салып алқымыңды әркім езер.

EL.kz



Берілген тақырып бойынша өз ойыңызды дәлелдер келтіре отырып жеткізіңіз.

Сөз - жібек жіп, жыр-кесте

Сөз - наркескен

Сөз сүйектен өтеді



Мәтінді мұқият оқыңыз.

1-мәтін

СӨЗ ЖАТЫҚТЫҒЫ

Сөз жаттықтығына қойылатын талаппен мүлде сыйыспайтын ағат қолданыстардың көзге шыққан сүйелдей болып баттиып тұратыны да, бидай арасында өскен бидайықтай көзге бірден шалына қоймайтындары да болады. Сөз мәдениеті үшін әсіресе соңғысы қауіпті. Өйткені ондайлар ет үйрене келе кейбіреулердің дағдысына айналады. Мысалы, **бет-әлпет**, **дидар** сөздерінің заттық мағынасы бірдей болғанымен, бірінің орнына екіншісін қолдануға болмайды. **Бет-әлпеті** келіспеген немесе **бет-әлпеті** нашарлау дегенді **дидары** келіспеген немесе **дидары** нашарлау деуге болмайтыны белгілі. Сондықтан сөйлеуші сөйлеген кезде сөзді жағымды немесе жағымсыз реңіне қарай қолдануы тиіс.



3-тапсырма. Сөздердің мағынасын табыңыз.

Дидар –

Бидайық –

Ағат –



4-тапсырма. Мәтін бойынша тұжырымды бір ғана сөйлеммен жазыңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

2-мәтін СӨЗ БАЙЛЫҒЫ

Сөз байлығына ден қоймаған адамның тілі жұтаң тартып тұратындығы бәрімізге белгілі. Тілдегі сөздер аспан әлеміндегі жұлдыздар тәрізді. Жарығы бар, көмескісі бар, қас-қағым сәтте пайда болып, қас пен көздің арасында ғайып болатын ғұмыры келтелері бар...

Мысалы, «Абай жолы» эпопеясының сөз шұрайы, тіл кестесі келісті, өрнекті сөз орамдарына мейілінше бай туынды екендігі әлдеқашан мәлім болған. Жазушы «Абай жолында» 16 983 сөз қолданған. Өзге де қаламгерлер тілі жайындағы статистикалық деректерді тізе берсек, А.С.Пушкин 21 197, В.Шекспир 15 000 сөз қолданған. Ана тіліміздің небір асыл байлығы өлең-жырларда сақталған. Ондай сөз маржаны мірге тізген моншақтай ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келеді.



5-тапсырма. Сөздердің мағынасын табыңыз.

Ден –
Ғайып –
Мір –
Келте –



6-тапсырма. Мәтін бойынша тұжырымды бір ғана сөйлеммен жазыңыз.

3-мәтін СӨЗ ТАЗАЛЫҒЫ

Тіл мәдениетінің өлшемдерінің бірі – сөз тазалығы. Өзге тілден еніп, заңды түрде орныққан осы тәрізді сөздерден кейбіреудің дағдысына енген мүкістер (остановкаға барамын, субботада келді, звонить ет, т.б) мүлде басқа.

Ана тілге деген сүйіспеншілік, ыстық сезімнің лебі таза сөйлеуден де байқалып тұрады. «Ана тілің, қайткенде де, ана тілің болып қала береді. Жан-тәніңді салып сөйлеген кезде, басыңа бірде-бір өзге тілдің сөзі келе қоймайды, ал жарқылдата сөйлеуді қаласаң, оның жөні бір басқа», -деп орыс жазушысы Л.Толстой айтқандай, «мал төлдету ісін шығынсыз іске асыруды қамтамасыз еттік» дегеннен гөрі «мал төлдету шығынсыз аяқталды» деп құрылымдасақ, сөзіміз нақты шығар еді. Осы ретте, француз жазушысы

Блез Паскаль: «...қысқа жазуға уақытым болмағандықтан, хатты ұзыннан-ұзақ жазуға мәжбүр болып отырмын», - деген екен. Ойлана қарасақ, ойды ойсыратпай жеткізу, басы артық сөздерден тазартып отыру, аз сөзбен көп мағына білдіруге аз уақыт кетпейтіні белгілі.



7-тапсырма. Сөздердің мағынасын табыңыз.

Мүкіс –

Мәжбүр –



8-тапсырма. Мәтін бойынша тұжырымды бір ғана сөйлеммен жазыңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

4-мәтін СӨЗ ДӘЛДІГІ

Сөзді дәл қолданбаудың да мынадай мысалына назар аударайық. **Өліарада ай көрінді** деген сөйлемде ай көрінетін кездің өліара емес екенін біріміз біліп, біріміз біле бермесіміз анық. Дұрыс қиыстыра білсе, сөзге сөз рең береді. Сөз бен сөз тіркесіп барып рең алады. Кейде сөздің осындай дәлдігін ескере білмесек, сөз дәлдігіне нұқсан келеді. Мысалы, ерте заманда бір-бірімен анттасқан адамдар серт беріп, бір ыдыстан су ішісетін салт болған. Оны «ант су» деп атаған. Ант ішті тіркесі «ант су» ішті дегеннің ықшамдалған түрі. Тілде толып жатқан өзара мәндес, мағыналас сөздер бар. Бұл қасиет сөздерді иіні келген орайда белгілі бір мақсатқа сәйкес талғап, саралап, дәл жұмсауға үлкен мүмкіндік береді. Бірақ мағыналас сөздер болғанымен сөйлеу бағытына қарай қолдануды қажет етеді.



9-тапсырма. Сөздердің мағынасын табыңыз.

Ант –

Рең –

Иіні –

**10-тапсырма. Мәтін бойынша тұжырымды бір ғана сөйлеммен жазыңыз.**

.....

.....

.....

.....

.....

5-мәтін**СӨЗ ӘСЕРЛІЛІГІ**

Кейбір адамдардың сөйлеген сөзі жұртты ұйытып, тыңдаушының айызын қандырады. Ой мен сезімге бірдей әсер етіп жатқан топ алдындағы сөзді тыңдай беруден еш жалықпайсыз. Ал қайсыбір сөйлеушілердің сөзі әсерсіз болып, отырған жұрт ықылассыз тыңдайды. Енді бұл екі сөзді салыстырып қарасаңыз, әсерлі сөйлеген шешеннің сөзінде жүйе барлығын байқайсыз. Әсерлі сөйлеудің негізгі талабы – сөздің сазын келтіріп айту. Сөздерді дұрыс айту қағидасының бұзылмауын естен шығармау керек. Олай болмаған жағдайда сөз кедір-бұдыр кедергіге ұшырап, сазы бұзылады. Сөздің дұрыс айтылуы сөздегі дауысты дыбыстардың үндесуімен байланысты. Мысалы, **сйыр, тіиын** емес **сыйыр, тыйын** деп дұрыс айтқан жөн.

**11-тапсырма. Сөздердің мағынасын табыңыз.**

Саз –

Жүйе –

Үндесу –

**Мәтін бойынша тұжырымды бір ғана сөйлеммен жазыңыз.**

.....

.....

ТЫҢДАЛЫМ



1-тапсырма. Қажетті сөздерді қойып, мәтінді мәнерлеп оқыңыз.



Таза мінсіз асыл тас,
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз,
Ой түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл тас
.... толқытса шығады,
Таза мінсіз асыл сөз
.... толқытса шығады.

арман • көшті • шер • қос • азат
• нысана • жел • мекен • байсалды

Бұл батыстағы Дешті-Қыпшақ даласын артқа тастап, ұлы
бастап келе жатқан әйгілі Орыс ханның ұрпағы, Ақ Орданың мұрагері
..... сұлтан Керей мен Жәнібек. Мақсаты айқын – қазақты дербес,
..... ел қылу. Көштің бағыты - жер жәннаты Жетісу.
Алашқа болған Жерұйық. Көш болсын, халқым!



2-тапсырма. Берілген тілдік бірліктердің мағынасын түсіндіріңіз.

Асыл
Байсалды
Шер
Дербес
Мінсіз
Мұрагер
Толқытса



3-тапсырма. Сөйлемдер қатарын бір сөйлемге айналдырып жазыңыз.

1. Айнұр әрқашан достық көмегін ұсынуға дайын тұрады. Әр істі достарымен ақылдасып бастайды. Үлкендерді үлгі тұтып, ақылын тыңдайды.

.....
.....
.....

2. Ермек «Болашақ» бағдарламасымен шетелге оқуға кетті. Оның арманы – елінің ең білікті кадры атану. Оны сыныптас достары шығарып салды.

.....

.....

.....

3. 8 наурыз мерекесі жақындап қалды. «Әдемілік әлемді құтқарады» дегенге сенесіз бе? Аналарымыз қашан да ерекше құрмет пен алғысқа лайық.

.....

.....

.....



Ораторлық қабілетті анықтауға арналған тест

1. Сізге көпшілік алдына шығып сөз сөйлеу керек. Дайындықты неден бастайсыз?

- ☐ А) Кітап оқудан
- ☐ Ә) Тақырып ойлап табудан
- ☐ Б) Дәйексөздер жазудан

2. Сахнаға шығуға дайындықты қай жерде және қалай бастайсыз?

- ☐ А) Сахнаға шығуға жарты сағат қалғанда
- ☐ Ә) Жұмыс уақытында
- ☐ Б) Кез келген жерде

3. Сөйлейтін сөзіңізге қажетті ақпаратты түртіп алып жүресіз бе?

- ☐ А) Жоқ, дайындықсыз сөйлей аламын
- ☐ Ә) Ыңғайы келгенде
- ☐ Б) Міндетті түрде

4. Сіздің ойыңызша, залға ақпаратты қандай көлемде ұсынған дұрыс?

- ☐ А) Барлық ақпаратты жинап, тек бір бөлігін ұсыну
- ☐ Ә) Қажет бөлігін
- ☐ Б) Барынша көбірек берген дұрыс

5. Дайын мәтінді жаттап аласыз ба?

- ☐ А) Жоқ, оқып шығуға болады ғой
- ☐ Ә) Әрине, солай ыңғайлы
- ☐ Б) Жаттамаймын, бірақ көп оқып дайындаламын

6. Маңызды сөз сөйлердің алдындағы бір күніңізді қалай өткізесіз?

- ☐ А) Әдеттегідей бірқалыпты
- ☐ Ә) Түнімен дайындаламын
- ☐ Б) Жақсылап демаламын

7. Сахнаға шығардың алдында тойып тамақтану керек дегенге көзқарасыңыз?

- ☐ А) Дұрыс
- ☐ Ә) Аш болған дұрыс деп ойлаймын
- ☐ Б) Аздап тамақтанамын

8. Сахнада аудиторияның назарын қалай өзіңізге аударасыз?

- ☐ А) Көзге түсетін киім киемін
- ☐ Ә) Үстел үстіне гүл қойып қоямын
- ☐ Б) Кідіріс жасап сөйлеймін

9. Егер үлкен көлемді ақпарат есте сақтау керек болса, не істейсіз?

- ☐ А) Жаттап алғанша қайталаймын
- ☐ Ә) Дауыстап оқимын
- ☐ Б) Тірек сөздерді пайдаланамын

10. Сөзіңізді неден бастар едіңіз?

- ☐ А) Анекдоттан
- ☐ Ә) Нақыл сөздерден
- ☐ Б) Қызықты оқиғадан

Әрбір «А» жауабы үшін – 1 балл
Әрбір «Ә» жауабы үшін – 3 балл
Әрбір «Б» жауабы үшін – 4 балл

0-15 баллға дейін. Сахнаға шығу тәжірибеңіз аз, сәйкесінше сөйлеу дағдыларын қалыптастырып үлгермегенсіз. Ораторлық шеберлікті үйренудің әдіс-тәсілдері өте көп. Өзіңізге ұнағанын таңдап, дағдылансаңыз болады. Бастысы – өзіңізге сенімділік пен үздіксіз еңбек қажет.

16-36 баллға дейін. Сіздің тәжірибеңіз орта деңгейде. Сахна әдебінің қызығы мен шыжығы бірішама таныс. Қай жерде қандай қателіктер

жіберетініңізге талдау жасап, келесі жолы қайталамауға тырысыңыз. Сонда сахнадағы сөзіңіз қызықты бола түседі.

37-50 баллға дейін. Сіз ораторлық өнердің қыр-сырын жақсы білесіз. Аудиториямен байланыс жасау сізге қуаныш сыйлайды. Дегенмен аудиториямен жылдам әрі жеңіл диалог орната алатыныңызға әбден сеніп алмаңыз. Дайындық – ең ұтымды құрал.

АЙТЫЛЫМ. ЖАҒДАЯТ.

Байлауы жоқ шешеннен,
Үндемеген есті артық.
Бәйге алмаған жүйріктен,
Белі жуан бесті артық... .

Мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіріп, асты сызылған сөздердің синонимін тауып жазыңыз.

.....

.....

.....

ҚОРЫТЫНДЫ.

ЖАЗЫЛЫМ.



«Тіл - халық қазынасы» тақырыбында шағын ойтолғау жазу.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

- тыңдаушылардың ұлттық тіл тарихы туралы түсініктерін кеңейту.
- қазақ тілінің дамуы туралы түсініктері кеңейіп, әдеби норма бойынша сөйлеуге дағдыландыру.
- қазақ тілінің шұрайы мен сөз әдебі, сөйлеу мәдениеті арқылы ұлттық құндылықтарды сақтауға тәрбиелеу.

САБАҚТЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:

- Б. Қапасова. Тіл мәдениеті. Шешендік өнер-2014;
Н.Уәлиев. Сөз мәдениеті – 1984;
Қ. Жолдыбай. Кемел адам.199-бет;
Ж. Ерекешова, М. Меңдібаева. Қазақ тілін кинофильмдер арқылы оқытуға арналған жаттығулар жинағы. 2023.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:**САРА СӨЗ**

...Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жазғыз-ақ табиғаттың заңына ерген, сондықтан тіл азбаған. Өзгелер табиғатты зорлап, емлеге таңып, тілін аздырған. Мәселен, «малдар» деп айтып көріңіз, «маллар» деп айтып көріңіз. «Малдар» дегенде тілде кідіріс жоқ, тек жеңіл өте шығады. «Маллар» дегенде тіртігеге оралған шыбыртқыдай тілімізді қайтып алқымыз қиын. Бұл орынсыз жерде тұрған «л-дың» айтуға келшілігі, естіуге келшілігі тағы бар. «Малдар» дегенде тіліміз таңдайға тірелмей, тиіп кәне өтеді, «маллар» дегенде тіліміз таңдайға тіреліп, ақымыздың қысың біткен тастайды. Қалаңдағы қыбыс пен ашықтағы қыбыс екеуі бірдей болмайды. Ашықтағы қыбыс ашық, көркем шығады. Қалаңдағы қыбыс ажарсыз шығады.

А. Байтұрсынұлы

Ел жиналған жерде 1 сағат бойы кез келген адам сөз сөйлей алады, ал 5 минуттық сөз сөйлеу үшін кемінде 1 ай бұрын дайындық, бастау керек.

Уинстон Черчилль



СӨЗҚОРЖЫН



1-тапсырма. Жоғарыда берілген сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құраңыз.

Тұлға
кемел адам
толық адам
көшбасшы
саясаткер
тура би
тарихи тұлғалар
шешендік

1.
2.
3.
4.



2-тапсырма. Өз тобыңызда талқылап, сөйлемдер арқылы мәтін құрастырыңыз. Мәтінге тақырып таңдаңыз

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

СӨЗТҮЗЕР

Айта кетейік. Айта кетейік, соңғы мәліметтер бойынша, Қазақстанда коронавирус жұқтырғандар саны **164 477-ге** жетті. Айта кетейік, бұған дейін депутаттар барлық жеті комитеттің саны мен атауын өзгеріссіз қалдырды. Сөйлем басында мұндай қыстырма тіркестерді қолдану дұрыс емес. Бұл – орыс тіліндегі «надо сказать» тіркесінің көшірмесі. Сөйлем басына бұл тіркесті қолданбау сөйлем мазмұнына нұқсан келтірмейді. **Дұрысы:** Соңғы мәліметтер бойынша, Қазақстанда 164 477 адам коронавирус жұқтырған. Бұған дейін депутаттар барлық жеті комитеттің саны мен атауын өзгеріссіз қалдырды.

СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Тоқсан биден бір мәжілісте Сарыбай деген кісі сұраған екен. Ақыр заман болуына нендей ишаралар бар – һәм белгілері қандай? Сонда Тоқсан қалай жауап берді?

Жауап:

Ақыр заман боларда адамдық – ақыл досы кетіп, болмайы амалы қалады, адамның жақсысы кетіп, шабаны қалады, көлдің суы бітіп, табаны қалады. Сиыр пұл болады – қатын би болады. Қынама белбеу, тар шалбар, «сен білмесең – мен білемін!» деушілер шығады. Сол уақытта бет-бетіне шұбырған тырақай дейтін ел болады, адамы тырна қатар тізілген біз болады. Ат ариды, тон тозады. Сол уақытта қайран сабаз ерлерден, жұртта қалған ит озады. Саналы ерде ұйқы жоқ, жақсы әйелде күлкі жоқ, жақсының жолы қайырлы, соғылмайтын тұлкі жоқ, жаман кесанат бүлінбейтін мүлкі жоқ.

EL.kz



3-тапсырма. Суреттерді сәйкестендіріп, тұлғаларды 1 сөйлеммен сипаттап айтыңыз.


☐

Бауыржан
Момышұлы

☐


Уинстон
Черчилль


☐

Дінмұхамед
Қонаев

☐


Тони
Роббинс


☐

Асанбай
Асқаров

**БІЛЕ
ЖҮРІҢІЗ!**

Адамның сөзі сенімді шығу үшін оған әсер ететін
3 физикалық фактор бар:

Бел

Бүрісіп тұрған адам
ешқашан аудиторияны
сендіре алатындай
сөйлей алмайды

Ми

Бел омыртқаның тік
болуы «менің алдымда
отырған адамдар да
өзім сияқты қарапайым
адамдар, алаңдайтын
ештеңе жоқ» деген
ақпаратты миға
жібереді

Ауыз қуысы

Ал мидың дұрыс
жұмыс істеуі ауыздан
шығатын сөздің жүйелі
шығуына әсер етеді.




**4-тапсырма. Берілген қатардан «көшбасшы» сөзінің
мағынасын табыңыз. Көшбасшыға тән қасиеттерді
айтыңыз.**

А) Көшбасшылық – бір адамның ортақ мақсаттарға қол жеткізуі үшін
бір топ адамға ықпал ету процесі.

Ә) Тұлғалық қасиеттерге негізделген ұстаным.

Б) Көшті бастаушы, әрі басқарушы.

**СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?**

♦ Африкада сөйлеуші адамның уақыт регламентін белгілеу үшін
қолданатын тәсіл – бір аяқты көтеріп тұру. Яғни, сөйлеу уақытың – аяғың
талғанша ғана.

♦ Тарихта ең ұзақ сөйлеген адам – Фидель Кастро. Ол 7 сағат 10 минут
бойы аудиториясын қозғалтпай ұстаған. Нәтижесінде Гиннестің рекордтар
кітабына енген.

♦ Ал ораторлар мекені Римде сөйлеушілер алаңға, ашық стадионға
жиналатын болған. Бұл жерде сөйлеушіге де, тыңдаушыға да күннен
қорғанатын шатыр тігілмейді.

ТЫҢДАЛЫМ



5-тапсырма. Дұрыс жауабы бар қатарды белгілеңіз.

1. Есенбұғаның шешімін қабылдас бұрын Керей мен Жәнібек қандай шарт қойды?

- ☐ А) шекараны қорғау
- ☐ Ә) қару-жарақпен қамтамасыз ету
- ☐ В) сыртқы және ішкі дауларға араласпау
- ☐ С) салық төлемеу
- ☐ Д) берілген жерлерге уақытша орналасу
- ☐ Е) сауда еркіндігі болуы керек

2. Келісім кімдердің арасында өтті?

- ☐ А) Керей мен Жәнібек
- ☐ Ә) Жәнібек пен Есенбұға
- ☐ В) Керей-Жәнібек пен Есенбұға
- ☐ С) Керей-Жәнібек пен Досмұхамед
- ☐ Д) Қазақ және Моғолстан хандары

3. Хан мен сұлтандар арасындағы негізгі келісім не туралы өтті?

- ☐ А) Қару-жарақ сұрау
- ☐ Ә) Жер сұрау
- ☐ В) Ел қорғау үшін бітім
- ☐ С) Екіжақты келісім жасасу
- ☐ Д) Еркіндік сұрау

АЙТЫЛЫМ. ЖАҒДАЯТ.

Елші: Жәнібек пен Керей ерткен қалың ел келіп тұр. Шайбаншахпен келісе алмай көшіпті, мейірбан кеңшілігіңізді аямай, аздаған жайлайтын жер беріп, жарылқауыңызды сұрайды.

Хан: Жауапты жалғастырыңыз

**ОЙБӨЛІС**

1. Қалтқысыз қызмет ету дегенді қалай түсінесіз? (елге, туған жерге, бауырға, ата-анаға, балаға).
2. «Досқа – күлкі, дұшпанға таба болмау» деген тіркестің өзектілігі неде?
3. «Ұлды тәрбиелегенің – жер иесін тәрбиелегенің, қызды тәрбиелегенің – ұлтты тәрбиелегенің» деген сөздің мағынасын түсіндіріңіз.

**2-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**

...Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге жегізбегендігі мыңдаған жыл тарихында айқындалған емес пе еді?! Ғылым мен мәдениетті бойымызға сіңіріп, жағдайды толық түсіндіріп, ұғындыра, ел қатарына қосып, бізді бұл дәрежеге жеткізіп отырған алдымен тіл емес пе?! Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе?! Мен әскери адаммын. Тіл мәселесіне араласарлық жөнім жоқ сияқты, бірақ та, айтылған мәселелер халқымыздың жауынгерлік мінез-құлқын тәрбиелеу, салт-сана, ел намысы, ер намысына, адамгершілік арына, жауынгерлік мұра-дәстүріне ерекше байланысты болғандықтан, көріп, біліп, сезіп тұра айтпағанымды өзіме үлкен ар, кешпес күнә деп түсінгендігімнен жазып отырмын.



Бұрын қазақтар ер баланы еркелеткенде басынан сипамаған. Арқасынан қаққан. «Басынан сипау ұл баланы аяп, мүсіркеу сезімдерін туғызады, төмен қарап жүретін жасық болып қалады» деп түсінген. Ата-ана, ел-жұртына қорған болатын, шаңыраққа ие болатын ұлдың көзін жерден алмайтын жігерсіз, есіркеуді тілеп тұратын ынжық болғанын қаламаған. Ал арқасынан қаққанда ер бала батылданады, жігерленеді, еңсесін тік ұстап, тура қарауға дағдыланады. Ал қыздарды керісінше басынан сипаған. Қыз-жатжұрттық, қыздың бағы – үйде емес, түзде. Қыз басқа босағаны аттап, өзге үйдің отын жағады, ұрпағын өсіреді. «Алдында не күтіп тұр екен, тағдыр талайы қалай болады?» деп басынан сипап аялаған. Қыз баланы басынан сипағанда басы еріксіз еңіс тартады, көз жанары төмен түсіп, жасырынады. Кісі бетіне бажырайып қарамайтын әдетке үйреніп, қызға лайық биязы мінез қалыптасады. Арқадан қағу мен бастан сипаудың осындай талғамды астары, тәрбиелік мәні бар.



7-тапсырма. 1-мәтін бойынша 5 жақсы/ 5 жаман қасиеттерді теріп жазыңыз.

Жақсы қасиеттер

.....

.....

.....

.....

.....

Жаман қасиеттер

.....

.....

.....

.....

.....



8-тапсырма. 2-мәтін бойынша кейіпкерге хат жолдаңыз.

[illegible]



9-тапсырма. 3-мәтінге сәйкес мақал-мәтелдерді тауып айтыңыз.



10-тапсырма. Берілген тілдік бірліктердің мағынасын түсіндіріңіз.

Шарболаттай

Жасық

Мүсіркеу

Еңіс



1. Тыңдаушыны досыңыздай көріңіз (жасанды әрекеттен аулақ болу)
2. Өзіңізді төмендетпеңіз (достық пейіл ұсыну)
3. Диалог құра біліңіз (тоқтамай сөйлеуден аулақ болу, диалог құру)
4. Оқиға айтыңыз (ғылыми тілде ақпарат айтпау, шынайы өмірден үзінді келтіру)
5. Пайдалы сөз сөйлеңіз (бос сөзден аулақ болу, пайдалы ақпарат ұсыну)
6. Ерекше болыңыз (көп ақпаратты жаңа формада жеткізу)
7. Жұмсақ болыңыз (кез келген жағдайда жұмсақтық таныту, ситуациядан шығар жол іздеу)

ЖАЗЫЛЫМ.



Жоғарыда берілген шарттарды ескере отырып, 5 минуттық сөйлейтін сөзіңіздің мәтінін дайындаңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

.....



9-тапсырма. Берілген суреттегі сызба бойынша аудиторияға ақпаратты таныстырыңыз.



ҚОРЫТЫНДЫ.

ЖАЗЫЛЫМ.



Берілген өлең шумағын әртүрлі жиындарда қалай сөзге қосуға болатынын дәлелдеңіз.

Дұшпаның бар ма дейсің, қайдан білем?

Әйтеуір жүрген жерім сайран кілең.

Қазақтың қайсы үйіне барсам-дағы,

Алдымда кең дастархан, жайған кілем!

М. Мақатаев

Ағайын-туыс арасында	Достармен бірге	Ұлттық маңызы бар жиындарда

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

-қазақ тілінің шұрайы мен сөз әдебі, сөйлеу мәдениеті арқылы ұлттық құндылықтарды сақтауға тәрбиелеу.

- сөйлеу мәдениеті туралы түсініктерін кеңейту. Сөйлеу кезінде ізет, құрмет, сыпайылық сезімдерін дамыту.

САБАҚТЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:

С.Ержанова. Сөз мәдениеті және көркем мәтін, 2015;

Н.Уәлиев. Сөз мәдениеті, 1984;

Ж.Бұлғақ. Сөз менеджмент, 2021.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

Жаңа сабақ



СӨЗҚОРЖЫН

Сөйлеу мәдениеті
шаршы топ
қарым-қатынас
сәлемдесу
эмоция
сөйлеу мәнері
дайындық
ізденіс



САРА СӨЗ

*Сынаптай сырғып өтер мына дәуір,
Тірілікте сыйласа біл іні-ағаңмен.
Бірнеше тіл білгеннен пайда бар ма?
Тіл табыса алмасаң, бір ақалмен?*

Жандарбек Бұлғақ



1-тапсырма. Жоғарыда берілген сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құраңыз.

1.
2.
3.
4.
5.



2-тапсырма. Өз тобыңызда талқылап, сөйлемдер арқылы мәтін құрастырыңыз. Мәтінге тақырып таңдаңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

СӨЗТҮЗЕР

Айту керекпіз. Түрлі тағдыр, түрлі мамандық иесі, түрлі мінез-құлық, түрлі сипаттағы бейнелер Әзиз Несин қаламына ілінгенде тірі бейнелердей әсер ететінін де айту керекпіз. Орыс тілінің ықпалымен орныққан, қазақ тілінің тіркесім заңдылығын, қосымшалардың ерекшелігін ескермеуден туындаған қате. Қазақ тілінде тұйық етістікпен тіркескен *керек* сөзі жіктелмей, қосымша оның алдында тұрған етістікке жалғанады. **Сондықтан дұрысы:** ... айтуымыз керек.

СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Жабай бидің Сексен, Тоқсан деген баласы бар екен. Әкелері қайтқан соң шешесі балаларына: «Пәлен деген би бар еді, соған барып алдынан өтіңдер», - дейді. Екі бала шешелері сілтеген бидің үйіне екінді кезінде жетеді. Қарт би дәрет алып далада жүр екен, келгендерден жөн сұрайды... Би сайлауды халыққа ұсынған кезде қандай жауап болуы мүмкін?

Жауап:

«Әй, жұртым, сексен көп пе, тоқсан көп пе?», – деп сұрайды. «Е, тоқсан көп», - дейді жұрт. – «Онда ордаға би етіп Тоқсанды қоямыз, Сексенге батырлықты береміз», - дейді қарт. – «Билік етуге сабырлық керек, ел тағдыры шешілер жерде шыдамдылық қажет. Сексен әпербақандау, Тоқсан байыпты», – депті. Сөйтіп, Тоқсан он алты жасында алдында жиырма алтыдағы ағасы тұрса да би сайланыпты.

EL.kz



Сөйлеу алдындағы 6 қағида. /Сөз менеджмент, 30-34 б.б/



Сырт келбеті. Киіміне қарап қарсы алып, ақылына қарап шығарып салады.

Жүріс-тұрысы. Трибунаға асылып тұру, олай-бұлай теңселіп жүру, т.б. әрекеттер аудиториямен байланыс орнатуға кедергі жасайды.

Бет-әлпетінің реңі. Бет-әлпет кейпі сөйлеу сипатына сәйкес болуы керек.

Сөз сөйлеу кезіндегі қол қимылдары. Қимылдар орынды жасалу керек. Сипаттаушы немесе көрсетуші қимылдар.

Сөйлеу техникасы. Интонация, дауыстық сипаттар, дикция.

/Қосымша : Сөз менеджмент, 66-73, 119-125 б.б/



3-тапсырма. Сұраққа бір сөйлеммен жауап беріңіз.

Шешендік өнер не үшін немесе кімге қажет?

1.
2.
3.



4-тапсырма. Көпшілік ортада сөз сөйлеген ұнай ма? Әріптесіңізбен сұхбат құрыңыз.

“ - Қол бастау қиын емес,
Көк найзалы ерің болса.
Жол бастау қиын емес,
Соңыңа ерген елің болса.
Бәрінен сөз бастау қиын,
Тауып айтсаң, мереке қылады,
Таппай айтсаң, келеке қылады. ”



Мәтінді мұқият оқыңыз.

Сөз бастаудың мәні неде?



Аудиторияның назарын аударту үшін сізге алғашқы 1 минут беріледі. Осы уақыт ішінде адам назарын аударатын нәрсе көрмесе немесе естімесе, ол аудиторияны әрі қарай ұстап отыру қиын. Сол себепті алғашқы 1 минутта халықты өзіңізге баурап алыңыз, міндетті түрде әңгімеңіз:

- қызықты сұрақтан;
- ерекше статистикадан;
- басыңыздан өткен оқиғадан басталсын. Басыңыздан өткен оқиға дегенге өмірбаяныңызды айтып өзіңізге қызықты әрі өзіңіз ғана түсінетін әңгімені баяндап жүрмеңіз. Сіз мейлі қысқа-нұсқа он мақал біліңіз, бес афоризм жаттаңыз, қызықты статистика тізбегін біліңіз, ең бастысы – дәл сол сәтпен байланыстырып айтсаңыз, тыңдаушыларға әсер ететініне күмәніңіз болмасын.

Ағылшын жазушысы, сатирик Джером Клапка «Трое в лодке» атты шығармасының алғашқы сөйлемін «Біз төртеу едік ... (Нас было четверо...)» деп бастауы оқырманды әрмен қарай қызықтыру үшін қолданғанын ұмытпаңыз. Мүмкіндігінше өзіңізге дейін және өзіңізден кейін сөйлейтін адамның тақырыбын зерттеп алған дұрыс.

Таңғы уақытта жұрт ұйқысын аша алмай отырса, түстен кейінгі уақытта түскі ас ішіп келгендіктен маужырап отыратыны анық. Сіз жоспарлаған жиналыс немесе сұхбат осындай уақытпен тұспа-тұс келсе, мейілінше сергіту жұмыстарын жасату қажет.



5-тапсырма. Мәтіннен тірек сөздер қатарын тауып жазыңыз.

1.
2.
3.



6-тапсырма. «Сөз - жібек жіп, жыр - кесте» тақырыбында ойыңызды дәлелді фактілермен жеткізіңіз.



7.1-тапсырма. Сұхбаттасу кезінде әзірлейтін таныстыру сөзіңізді 1 минуттық және 10 минуттық екі түрлі мәтінмен жазыңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....



7.2-тапсырма. Өз басыңыздан өткен қызықты оқиғаны 30 секундқа сыйғызып айтып көріңіз.



8-тапсырма. Өзіңіз сөз сөйлеген кезде жиі қолданатын ұлттық сөз саптау үлгілерін немесе тілдік бірліктерді жазып шығыңыз.

.....

.....

.....

.....



9-тапсырма. Сөйлемдерді үлгі бойынша көркемдеп жазыңыз.

.....

.....

Үлгі:

	<i>Күннің көзін бұлт жапты</i>
Күн бұлттанды	<i>Аспан түнеріп, дала күңгірт тартты</i>
	<i>Күнді ентелеп, бұлт қамап тұр</i>

Балалар ән шырқады

.....

.....

Қоңырау соғылды

.....

.....

Айбек өзен
жағасында тұр

.....

.....

Бақшада гүлдер көп

.....

.....

Ақ лақ сүйкімді екен

.....

.....



9-тапсырма. Оқыңыз.

Әдеп

Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы кісі өтіп бара жатып иіліп, бас ұрып сәлем берді дейді. Оған қарсы әлгі үлкен әкім төре онан да төменірек бас ұрып сәлем алды. Қасындағы бай:

– Тақсыр, осынша жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір бейшараға неге сонша бас ұрасыз? – деп айтты дейді.

Сонда әкім:

– Ешбір ғылым-білім үйренбеген кісі сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, менің оған әдепсіз болып көрінгенім лайықсыз болған болар еді, – депті.



Ы. Алтынсарин



11-тапсырма. Сәйкес бірліктер қатарын қойып, ұлттық сөз саптау үлгілерін толықтырыңыз.

1. ... бала
Ауыздықсыз атпен тең
Ақылды ...
Жазып қойған хатпен тең.
2. ... белгісі – ...сәлем бергенің.
3. ... әдепті болса – іні әдепті,
...әдепті болса – сіңлі әдепті.
- 4.«Сіз» деген - ...,
«Біз» деген –
- 5.Өзек қуа ағады,
Өзен судың саласы.
Алыстан ... береді,
Әдепті баласы.

иіліп

әдептілік

елдің

әдеп

көмек

сәлем

Аға

апа

қария

әдепсіз

Сөздердің мағынасына назар аударыңыздар. Амандасудың түрлері кімге қатысты екенін көрсетіңіздер.

- 1) Амансың (-сыз) ба –
- 2) Сәлеметсің (-сіз) бе –
- 3) Қайырлы күн (таң, кеш) –
- 4) Ассалаумағалейкум –
- 5) Уағалейкумассалам –
- 6) Есенсің (-сіз) бе –
- 7) Мал-жан (-ыңыз) аман ба –
- 8) Денсаулығың (-ыңыз) қалай –
- 9) Қал қалай –
- 10) Сәлем –



12-тапсырма. Жағдаят бойынша айтылым тапсырмасын орындаңыз.

«Сөз анасы – сәлем» дегенді қалай түсінесіз?

Сәлем беру деген не? Екі адам кездесе, кім бірінші сәлем береді?

Сәлемдесуді ілтипатпен, көңілді қимылдармен қалай көрсетеді?

ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Мақал-мәтелдер арқылы халық қандай мінездерді бейнелегенін үлгі бойынша жазыңыз.

Үлгі: Сөйлегенді үндемеген жеңеді - шыдамдылық, сабыр

Иілген басты қылыш кеспес –

Көңілсіз жұмыс – өнімсіз –

Бал ұстаған бармағын жалар –

Мәуелі ағаш майысқақ –

Көпке жақын – көкке жақын –

Терең судың ағысы білінбес –

Ұра алмаған үлкен таяқ көтереді –

Талапты ерге нұр жауар –

Күш атасын танымас –
Ақылы жоқтың – арманы жоқ –
Сөз тапқанға қолқа жоқ –
Ерінбеген етікші, ұялмаған әнші болады –
Көрмес – түйені де көрмес –
Кімнің тарысы піссе, соның тауығы –

ҚОРЫТЫНДЫ



1-топ: Оқиғаны өз сөзіңізбен аяқтаңыз.

Екі көзі мүлде көрмейтін зағип кісі адамдар жиі жүретін орында таңертеңнен кешке дейін отырып қайыр сұрайтын. Оның жанында қорап тұрады. Онда жұрт салған ұсақ тиындар жатады. Әлгі кісінің мойнына «Мен соқырмын, Құдай үшін көмектесіңдер» деп жазылған қағаз ілінген болатын.

Олай-бұлай өтетін адамдардың арасында соқырды аяп, тиын-тебен тастайтындар сирек. Содан болар, ол ерте келіп, кеш қарайғанша отыратын. «Бәлкім, біреулер мейірі түсіп, бірдеңе беріп қалар» деген үміт оны осылай қысы-жазы күнұзақ отыруға итермелейтін болса керек. Бірде әлгі кісінің жанына келіп тоқтаған қыз оның мойнына ілінген қағазын сұрады. «Бұл неге керек?» деген оймен танданса да, соқыр оған қағазды берді. Әлгі қағаздағы жазуды басқа жазумен өзгерткен қыз қатырма тақтаны өзіне қайтып берді де жөніне кетті. Сол-ақ екен жанындағы картон қорапқа тиындар қарша жауа бастады....

.....


.....

.....

.....



2-топ: Өзіңізге ұнайтын хобби туралы видеоға жазып сөйлеп көріңіз.





**ӘЛЕУМЕТТІК
ТҰРМЫСТЫҚ
ҚАТЫНАСТАҒЫ
СӨЗ ӘДЕБІ**

1

САБАҚ

Мерекелік тілек айту әдебі



2

САБАҚ

Бата беру әдебі



3

САБАҚ

*Аманат. Көңіл сұрау, көңіл қосын
білдіру әдебі*



4

САБАҚ

Менің әлеуметтік әлемім



САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ: Әртүрлі ортада сөз сөйлеу, тілек айту әдебіне баулу.

САБАҚТЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:

Р.Сыздықова. Тіл және ұлттық мәдениет, 2018;
С.Ержанова. Сөз мәдениеті және көркем мәтін, 2015;
Б.Қапасова. Тіл мәдениеті. Шешендік өнер, 2014;
Н.Уәлиев. Сөз мәдениеті, 1984.

СӨЗҚОРЖЫН

Эмоция
этикет
құттықтау
сөз асылы
тәтті тілек
жасы үлкен
қуаныш
жүректі тебірену
жақсы әсер
ақ бата
таза ниет
жақсы сөз

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

Жаңа сабақ

САРА СӨЗ

*Ораторлық өнерді игеру - сахнаға
қорықпай шығу үшін емес, уайымнан
аяқ-қолың дірілдеп, қорқып тұрсаң
да, сахнаға шыға білу үшін қажет.*

Дейл Карнеги



1-тапсырма. Жоғарыда берілген сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құраңыз.

1.
2.
3.
4.
5.



2-тапсырма. Өз тобыңызда талқылап, сөйлемдер арқылы мәтін құрастырыңыз. Мәтінге тақырып таңдаңыз.

.....

.....

.....

.....

СӨЗТҮЗЕР

Ақшаны шешіп алу. *Зейнетақы қорындағы ақшаны қалай шешіп алуға болады? Зейнетақы қорынан ақшаны кім шеше алады?* Орыс тіліндегі «снять» (снять деньги) сөзін сөзбе-сөз аудару салдарынан пайда болған үйлесімсіз калька тіркес. Бұл – сөздің тіркесімділік қабілеті мен мағынасына жете мән бермей, тек аудармадағы дәлдікке, түпнұсқаға қол жеткізуді ғана ойлаудан кеткен қателік. Орыс тіліндегі сөз тіркесін дәлме-дәл беруге ұмтылмай, «шешу» етістігін түсіріп тастасақ, сөйлем қазақ ұғымына сай болып шығады. **Дұрысы:** *Зейнетақы қорындағы ақшаны қалай алуға болады? Зейнетақы қорынан кім ақша ала алады?*

СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Төле би жас кезінде талай жасы үлкен атақты абыз билердің алдынан өтіп, батасын алады. Төле бала әуелі әкесіне барыпты. Жасы жүзге тақап отырған әкесі ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырады. Төле: "Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ?", - дегенді сұрайды. Сонда әкесі әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады: - Балам, мынаны сындырып көрші. Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп, сындыра алмайды. - Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы? Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт еткізіп, оп-оңай сындырып береді. Әлібек би: - Бұдан не түсіндің, балам? - дейді. Сонда Төле бала не деді?

Жауап:

- Түсіндім, әке, бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. "Саяқ жүрген таяқ жейді" демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз зой. - Бәрекелді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауызбірлікке, ынтымаққа шақыра біл. "Бақ қайда барасың дегенде, ынтымаққа барамын" дегенінің мәнісі осы, - депті.



3-тапсырма. Берілген құттықтау үлгілерін бірнеше нұсқада әзірлеңіз.

Мектепке
баруыңмен!

.....

.....

.....

.....

.....

.....

Меңей
тойыңызбен!

.....

.....

.....

.....

.....

.....

**БІЗДІҢ
ЕРЕЖЕ!**

Еркін
болыңыз

Орныңыздан
тұрып сөйлеңіз

Іштей дайын
болыңыз

Отырыс
мазмұнын
анықтаңыз

Шынайы тілек
білдіріңіз

Сөзіңізге екпін
қойыңыз

Өз
қалпыңызда
болыңыз

Қысқа да нұсқа
сөйлеңіз



4-тапсырма. Берілген жағдаяттарды қатыстырып сөйлем құраңыздар.

Туған күн

Баласы – әкесіне
Ағасы – інісіне



.....

.....

.....

.....

.....

Тілашар тойы

Достары – ата-анасына

.....

.....

.....

.....

.....

Мерейтой

Қонақтар – мерейтой иесіне

Мерейтой иесі – қонақтарға

.....

.....

.....

.....

.....

Мекеменің ашылуы

Директор – қызметкерлерге

.....

.....


.....


.....

.....



5-тапсырма. Whats app желісі бойынша жазылған тілекті түзетіп, досыңызға немесе әріптесіңізге жолдаңыз.

[illegible]

[illegible]

ТЫҢДАЛЫМ



6-тапсырма. Дұрыс сөйлеуге қажетті шарттарды белгілеңіз.

Сөйлеу үлгілері	Дұрыс	Бұрыс
Мақал-мәтелдерді қолдану	☒	☐
Мен сөйлей алмаймын	☒	☐
Ұтымды сөз оралымдарынан мысал келтіру	☒	☐
Армысыздар, тойға жиналған тойшыл қауым!	☒	☐
Қоңыр әрі төртінші дауыста сөйлеу	☒	☐
Ақ қанатты, ақ керегелі отбасы болыңыздар!	☒	☐
Мынадай сөздерден кейін қалай сөйлеймін?	☒	☐



7-тапсырма. Айтылым. Сөйлеу шарттарын қолдана отырып, берілген тақырыптарға байланысты көңіл көтеру лебізін әзірлеңіз.

- Үйірмеде жақсы баяндама жасаған достарыңызға;
- Кешкі асқа дәмді тамақ пісірген әже, ана, әпкелеріңізге;
- Әдемі киім сатып алған іні, қарындас, сіңлілеріңізге;
- Табиғаттың бір сәтін тамаша сурет етіп салған жолдастарыңызға;
- Байқаудан I орын алған сыныптастарыңызға көңіл көтеру лебізін (комплимент) айтыңыздар.



8-тапсырма. Трендтегі сленг сөздер қатарын толықтырып, мағынасын жазыңыз.

Үлгі:

"На хабаре" - *Келісім, хабарда болу дегенді білдіреді*

Сөздер	Мағынасы
Хейт	
Косякқа кіру	
Құлаққа лапша ілу	
Маяк тастау	
Шпор жасау	
Жынды ғой	
Жиза	



ҚОРЫТЫНДЫ. Пікірталас.

ЖАСТАР ЖӘНЕ ТІЛ

ЖАСТАР ЖӘНЕ ОТБАСЫ

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ: Ұлттық сөз саптау өнерінің қағидалары туралы түсініктерін қалыптастыру, жақсы ниет, адал тілекті дұрыс айта, жеткізе білу әдебін үйрету.

САБАҚТЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:

Р.Сыздықова. Тіл және ұлттық мәдениет, 2018;

Н.Уәлиев. Сөз мәдениеті, 1984;

Қ.Жолдыбай. Кемел адам, 199-бет;

Тыңда! Түсін! Тіл үйрен! (47-б), 2022 ж.

СӨЗҚОРЖЫН

Ақ бата
жақсы сөз
даналық
казына
қуаныш
дәстүр
рәсім
халық
кадірлі қария

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ: Жаңа сабақ

САРА СӨЗ

Ботаның, құны бір-ақ, құт,

Бата - балаға мәңгі құт.

Халық мақалы



1-тапсырма. Жоғарыда берілген сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құраңыз.

1.
2.
3.
4.
5.



2-тапсырма. Өз тобыңызда талқылап, сөйлемдер арқылы мәтін құрастырыңыз. Мәтінге тақырып тандаңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Тоғыз жасар Жетес тоқсандағы Төле биге сәлем бере барыпты. Сонда Төле би былай деген екен: - Бата - басқа, қына - тасқа, ақыл - жасқа, не қалайсың, балам? - депті. Жетес бала: - О, қасиетті, баба! - Ат берсеңіз, өліп қалады, тон берсеңіз, тозып қалады. Ат, тонға бергісіз өлмейтін, өшпейтін, өмірі естен кетпейтін бір өсиет айтсаңыз, соған ризамын, - депті. Төле би берген батаны толықтырыңыз.

Бір үйдің болма,
Көп үйдің санасы бол!
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің бол!
Бір тонныңболма,
Көп көлдің бол!
Ақты ақ деп,
Қараны қарала
Өзіңе-өзің кәміл бол.
- Халқыңа бол,
Жауыңабол!
Досыңа адал бол!

- данасы • жағасы • бағала
- баласы • әділ • қатал • сағасы

Oinet.kz

ТЫҢДАЛЫМ

Тектінің батасы



3-тапсырма. Дұрыс жауапты белгілеңіз.

1. Мәтіндегі негізгі сұхбаттасушының сөзіндегі ақпаратты көрсетіңіз.

- ☐ А) Жүзің жұтаң, ойыңды ұқтым.
- ☐ В) Түбі асылдың түкірігі түлеп шығады.
- ☐ С) Қамсыз жүргенде қосағымнан айырылып қалармын.
- ☐ D) Адамзаттың бағына туған ұлы Абайға айналарын кім білген!?

2. Мәтіндегі бидің сөзі арқылы берілген ақпаратты көрсетіңіз.

- ☐ А) Уа, сұлтаным! Жұбайың киелі батаға жерік екен.
- ☐ В) Жалауыңа жебеуім болсын, жұбайыңды жүресінен отырғыз.
- ☐ С) Аузын айға балаған хан ұрпағына барайын.
- ☐ D) Алты Алаштың асылы болар, алтын асық ұл берсін, әділдік болсын ұраны!

3. Мәтіннің мақсатын анықтаңыз.

- ☐ А) Батаның күдіретін таныту
- ☐ В) Құнанбайдың көрегендігі
- ☐ С) Палуанның тектілігін көрсету
- ☐ D) Барлығы дұрыс

4. Мәтіннің түйінін анықтаңыз.

- ☐ А) Қазақ сөзі
- ☐ В) Текіден текті туады
- ☐ С) Баталы сөз – балаға азық
- ☐ D) Жақсы сөз – жарым ырыс

5. Тиісті сөзбен толықтырып, ойды аяқтаңыз.

..... қажызған сияқтысыз, төрге шығып, табан суытыңыз.

- ☐ А) жол соғып
- ☐ В) жүзің жұтаң
- ☐ С) жолсоқты болып
- ☐ D) тобықтының тұғырлысы

6. Мәтіннің алғашқы бөлімінде не туралы айтылғанын анықтаңыз.

- ☐ А) би сөзі, Нұрбек бидің батасы, текті бала
- ☐ В) Ұлжанның сырқаты, Ырсымбет бидің шешімі, дауалы бата
- ☐ С) Құнанбайдың шешімі, палуанмен кездесу, текті бата, Ибраһим
- ☐ D) Ұлжанның сырқаты, би сөзі, текті бата, адамзаттың бағына туған

бала

7. Құнанбайды неліктен «Тектінің тұғырлысы» деп атағанын анықтаңыз.

- ☐ А) тиген жерін тіліп түсетін беделді кісі болғандықтан
- ☐ В) сөзге де жүйрік, шешен, тілі өткір, көреген адам болғандықтан
- ☐ С) Құнанбай Тобықты руының беделді билерінің ұрпағы болғандықтан
- ☐ D) сөзге шешен, қазақ еліне әділдік жолын ұсынған, текті ұрпақ, қажы

болғандықтан

8. Мәтінде жоқ ақпаратты табыңыз.

- ☐ А) Ұлжанның жерік асы
- ☐ В) Ұлжанның шыққан тегі
- ☐ С) Ұлжан дертінің дауасы
- ☐ D) Қанайұлы ұрпағының кім екендігі



4-тапсырма. Берілген тілдік қолданыстарды пайдалана отырып, өз ойыңызды жалғастырыңыз.

*Тобықтының
тұғырлысы*

*аузын айға
балаған хан*

*алты Алаштың
асылы*

АЙТЫЛЫМ



5-тапсырма. «Бата мен тілектің айырмашылығы бар ма?» тақырыбында пікір білдіріңіз.

*Ара жігі, миссиясы, шын жүректен, жақсылық шақыру,
береке тілеу, көпшілік орта, ұйқасты, қара сөз*

ОҚЫЛЫМ

**Білгенге -
маржан**

*Абыройға ие бол,
Ағат баспа бір қадам.
Атақ берген атаңа,
Ел қадірін біл, балам!
Ел ерлігі, ел бірлігі
Сынға түскен бұл заман!*

Осы батаның мысалында көріп отырғанымыздай, қазақ баталарының көбісі эмоциялы, көбінесе шұбыртпалы ұйқас түрінде келеді де, белгілі бір трафарет мәнді сөздермен басталады және аяқталады. Мұндай сөздерге әдеттегі эмоциялы мәндегі бұйрық райдағы тілек мағыналы сөздер жатады. Мұндайда әдетте: «Уа, Жаратқан ием, Құдірет – тілегімді қабыл ет!», «Ақ сақалды, сары тісті қария бол!», «Жағың түскенше, жамандық көрме!», «Бар бол, бар болсаң, бай бол!», «Алла Тағала бақ берсін, ұзақ жас берсін!», «Дастарқандарың сәнді болсын, өмірлерің мәнді болсын!», «Үбірлі-шүбірлі бол!», «Қосағыңмен қоса ағар!», «Басың аман, денің сау болсын!», «Дастарқаның мол болсын, Қайда барсаң, жол болсын, айтар батам сол болсын!», «Батам-батам батпасын, батам жерде жатпасын!» т.б. түрде бата қайырады.



6-тапсырма. «Батам, батам батпасын, Батам жерде жатпасын!». Ойды жалғастыра отырып, сапар батасын әзірлеңіз.

.....

.....

.....

.....

Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, бата түрлерін мазмұнына сәйкес топтастырыңыз.

Керек сөздер:

- Қызыр • сәтті • мол болсын! • тары • бидай
- қымызға • толсын • ақын • көсем • аузы.

Жас жұбайларға

Құдай өзі ондасын,
...келіп қолдасын!
...болып бастама,
Бақыт-байлық

Сүндет тойға

Тасқа ... өнгенше,
Таршылық көрмендер.
Мұзға ... өнгенше,
Мұңшылық көрмендер!

Игі бастамаларға

Сабаң толсын ...,
Шараң ... уызға.
Өрісіңе мал толып,
Ақ тілеуің жар болсын!

Ақ дастарқанға

Сөз бастар ... болсын,
Қол бастар батыр болсын.
Ел бастар ... болсын,
... дуалы шешен болсын

АЙТЫЛЫМ



7-тапсырма.

Әріптесіңізбен «Үлкен ұстаз, ақсақал ретінде сізден бата сұрап келушілер көп болатын шығар?» тақырыбында сұхбат әзірлеңіз.

ЖАЗЫЛЫМ



«Бата бере алмайтын қарттарымыз да бар. Жастарымыздың теріс қылықтарға бой алдыруы батаның жоғалып бара жатқандығынан емес пе?» дискуссивті эссе жазыңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

ҚОРЫТЫНДЫ



8-тапсырма. Батаның түрлеріне сәйкес сипаттамасын тауып жазыңыз.




ТЫҢДАЛЫМ



9-тапсырма. Қажетті тілдік бірліктерді сәйкестендіріңіз.

Әумин десең, маған,
Берейін бата саған.
Қатарыңның алды бол,
Тең құрбыңның ... бол!
Қайырлы болсын ...,
... ойларың.
Гүлге толсын
... өтсін өмірің.
Асқа толсын табағың,
... болсын қабағың.
Аман болсын отбасың!



САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

Ұлттық құндылықтарды насихаттау барысында ұлттық дәстүрлерді жаңғырту, көңіл сұрау мен көңіл айтудың өзіндік мәдениетін қалыптастыру. Тіл үйренушінің сөз саптау дағдыларын қалыптастыру.

САБАҚТЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:

Қ.Жолдыбай. Кемел адам.

Ә.Ахметұлының зерттеу еңбектері.

STAN.KZ

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:**Жаңа сабақ****СӨЗҚОРЖЫН**

Аманат
көңіл сұрау әдебі
көңіл қосын білдіру
мәңгілік өмір
мекен
тән тұрағы
парыз
қиянат жасамау
көңіл айту

**САРА СӨЗ**

Мұсылманның мұсылманда бес
ақысы бар: Сәлеміне жауап беру, ауырған
кезде көңіл сұрап бару, жаназасына
бару, қонаққа шақырған кезде бару,
түшікіріп “әлхамдулиллаһ” деген кезінде
“йәрхамукаллаһ” деу



1-тапсырма. Жоғарыда берілген сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құраңыз.

1.
2.
3.
4.
5.
6.
7.



2-тапсырма. Өз тобыңызда талқылап, сөйлемдер арқылы мәтін құрастырыңыз. Мәтінге тақырып таңдаңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

СӨЗТҮЗЕР

Алайда. *Алайда, олар – кәсіби баспагер емес. Алайда, ғаламторды тек адал табыс табу үшін емес, алаяқтық мақсатында да қолданатындар жетеді.* Академик Р.Сыздықтың «Қазақ тілінің анықтағышында» шылау сөздердің алдында үтір қойылғанымен, кейін қойылмайтыны (одан кейін қыстырма сөз келмеген жағдайда) тура сөз болады. *Алайда* сөзінен кейін кідіріс болғанмен, үтір қойылмауы керек. Сондықтан дұрысы: *Алайда олар – кәсіби баспагер емес, т.с.с.*

СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Сандыбай би қайтыс болды дегенді естіп, Тоқсан би бәйбішесіне қайыр айта келеді.

«Көтер басыңды,

Іш асыңды.

Сандыбайдың өлгенін естіп, көңіл айтқалы келдім.

Бай іздеп жатсаң, алғалы келдім.

Мен Тоқсан келгенде басыңды көтермесең,

Мына қамшымен арқаңа дүре салғалы келдім», – депті. Сонда бәйбіше:

Жауап:

«Мен шалды іздеп жатыр дейсің бе, ұлдарым аман болсын. Елден ұл туды ма деп жатыр едім, туған екенсің!», – деп басын көтеріп, батасын береді.

EL.kz

БІЛГЕНГЕ
МАРЖАН!

Көңіл сұрау

Науқас адамның көңілін сұрау – сауапты іс. Арнайы барып, халін сұрап, жақсы тілек айтып, қолдау білдірсеңіз, науқас адамның көңілі көтеріліп, рухы сергіп қалады. Тіпті, ауруына шипа табылуы ғажап емес. Арнайы көңілін сұрап келген адамды ол өмір бойы ұмытпайтын болады.

Аманат арқалау

...Шәкірттері Үш Бидің:
Адал болсын ісіне!
Қалығанда халық кірсін тұсіне.
Хақтан сұрау болады
Аманаттың күшіне!
Аманаттан аттаған қарыз
болмақ кісіге.
Халық кірсін тұсіңе!?

Көңіл қосын айту

Өзара қарым-қатынаста, адам көңілін аялауда бір ғана көңіл айту дәстүрінің өзі қазақтың кісілік әлемінің ерекше көрінісі дер едік. Оның да сегіз қыры, сексен сыры бар. Біреудің ішке түскен қайғысын шығарса, біреудің бүгілген белін жазып, түңілген түрін оңайды. Біреуге қатты, біреуге тәтті айтылады. Бәрі қазаның жағдайына, кісісіне қарап ішкі биік парасатпен өлшенеді.

АЙТЫЛЫМ. ОЙ ШАҚЫРУ



3-тапсырма. Бүгінгі таңда телефон арқылы көңіл сұрап, көңіл айтуға өз пікіріңізді айтыңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

ОҚЫЛЫМ

**Мәтінді мұқият оқыңыз.**

Міржақып Дулатов түрмеде отырғанда Горькийдің әйелі Е.Пешковаға хат жазып, жары Ғайнижамалмен кездесуге рұқсат алып беруге көмектесуін сұрайды. Екі айдан кейін кездесуге рұқсат қағаз келіпті. 1934 жылы Ғайнижамал Сосновец аралына үлкен қиындықпен жетеді. Қасында ұлы Әлібек болған. Жахаң өзінің ауыр жағдайын сезгеннен бе, Ғайнижамалға елге қайтуға кеңес береді. 1935 жыл қайғы үстіне қайғы жамаған жыл болды. Жахаңның ұлы Әлібек аурудан қайтыс болады. Жахаңның ұлы Әлібек қайтқанда (Алматыда) Ахаң – Ахмет Байтұрсынов (өзі де Архангелскіден айдаудан оралған кезі) Ғайнижамалға келіп, қатты толқып отырып: **«Гая, шырағым, қайғыңа ортақпын. Мезгілсіз солған гүл үзіліп түсті... Арты тек қайырлы болсын. Қалғандардың, Міржақыптың амандығын тілейік. Ақырын сұра. Әлібектің қайтыс болғанын Міржақыпқа естіртін, хат жазбаңдар. Өзі ауырып жүргенде қиналып қалар. Артымда ұлқызым бар деп үміті үзілмей жүрсін»** деп жүрегі қақ айрылып, көңіл айтқан екен. Көп ұзамай 1935 жылдың қараша айында М.Дулатов туралы НКВД-дан қаралы хабар келгенде Ахаң: **«Айналайын, Ғайнижамал, не айтарымды да білмей отырмын!»**, - деп егілген екен. Екі көзі жасқа толып, еңкілдепті. Иә, алақандай хаттан Алаш баласын тіпті, адамзат санасын сан ойға жетелейтін тақырыптар туындап отыр.



4-тапсырма. Кестені толтырыңыз.

Кім?	Қайда?	Қалай?	Не үшін?
Ахмет	Алматыда	Егіле көңіл айтты	Ғайнижамалды жұбатту үшін
.....			
.....			



5-тапсырма. Мәтіннен негізгі тірек сөздер қатарын теріп жазыңыз.

.....

.....

.....



6-тапсырма. Көңіл айтуға байланысты сөз орамдарын толықтырып жазыңыз.

Қажетті
тілдік
бірліктер:

- амал дәптері • мәңгі жадымызда • саламат • иманы
- қайғыңызға • Алла • жарылқасын • өлмек • келмек.

..... ортақпын!

Иманы

..... саламат болсын!

..... сабыр берсін!

Оны ешқашан ұмытпаймыз. қалады.

..... оң жағынан ашылсын!

Иманы

Өлгеннің соңынан жоқ, өлгенге қайтып жоқ.

СӨЗ МӘНІ



7-тапсырма. Берілген сөйлемнің мағынасын нақты мысалдар арқылы түсіндіріңіз.

Аттың артқы аяғынан гөрі алдыңғы аяғының ақсағаны жеңіл

**КЕРЕК
КЕҢЕС!**

Жақын адамыңыздан айрылған кезде жұбату сөздерін айту оңай емес. Төменде берілген мысалдар мен көңіл айту хабарламалары сезімдеріңізді білдіруге және мұқтаж жандарға жұбаныш беруге көмектеседі.



Тапсырма. Берілген бөліктерге сәйкес, сөйлемдер қатарын жазыңыз.

Қазаны естірту

Көңіл айту

Жұбату

.....		
.....		
.....		
.....		
.....		
.....		

1. Қырғыз Республикасының Президенті С.Жапаров:

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүкіл қырғыз халқының атынан және жеке өз атымнан Қазақстанның шығысында болған орман өрттері салдарынан адамдардың қаза болуына байланысты қайғыларыңызға ортақтасып көңіл айтамын. Орны толмас қазаның азабы мен қасіретін бөлісе отырып, қаза болған қазақстандықтардың туыстары мен жақындарына шын жүректен қолдау білдіруіңізді және барлық зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуін сұраймын.

2. Н.Назарбаев:

...Салық Зиманов отандық заң ғылымының дамуына, құқықтық мемлекеттің қалыптасуына, тәуелсіз еліміздің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан зиялы тұлға еді. Ол кісі шын мәнінде кісілік пен даналықтың үлгісіндей, әділдіктің таразысындай абыз ақсақалымыз болатын. Адамгершілік қасиеттері мол, жаны жайсаң, жүрегі кіршіксіз, абзал азаматтың елге сіңірген еңбегі мен жарқын дидарын халқымыз әрдайым жүрегінде сақтайды деп сенемін. Оның ғылымдағы мол мұрасы мен гибратты ғұмыры кейінгі ұрпаққа үлгі болуы тиіс. Марқұмның топырағы торқа, жаны жаннатта болсын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ұжымы:

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы көрнекті ғалым, академик, медицина ғылымдарының докторы Нәзира Бадретдинқызы Ахматуллинаның мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады. ...Нәзира Бадретдинқызы бар саналы ғұмырын халыққа адал қызмет етіп, ұлт денсаулығын сақтауға арнады. Соңғы уақытқа дейін ғылыми ізденіспен, зерттеу жұмыстарымен айналысты.

Көрнекті ғалым, тамаша дәрігер, дарынды тәлімгер әрі ұстаз Нәзира Бадретдинқызының мейірімді де жарқын бейнесі көптеген қазақстандықтардың жүрегі мен жадында мәңгі сақталады.

4. Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының ұжымы:

Әріптесіміз Жүнісов Сәттібай Темірғалиұлының мезгілсіз өмірден өтуіне байланысты суық хабар қабырғамызды қайыстырды.

Өмірден ерте озған болмысы бөлек, ұстанымы берік замандасымыздың айтар асыл ойлары мен халқына берер пайдасы мол еді. Орны толмас өкініш өзегімізді өртеп, асыл азаматтан қапыда айырылып қалдық.

ҚОРЫТЫНДЫ



Жағдаят.

1. Ел - аманат, жер - аманат,
ана тіл - аманат
(монолог)

2. Халің қалай?
(сұхбат)

3. Қайғыңа ортақпыз!
(хат)

Әлеуметтік желі - Жастар тілі

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

- тыңдаушылардың әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны туралы түсінік беру;
- қазақ тілінің дамуы туралы түсініктері кеңейіп, әдеби норма бойынша сөйлеуге дағдыландыру.
- қазақ тілінің шұрайы мен сөз әдебі, сөйлеу мәдениеті арқылы ұлттық құндылықтарды сақтауға тәрбиелеу.

САБАҚТЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:

Р.Сыздықова. Тіл және ұлттық мәдениет, 2018 ;

Н.Уәлиев. Сөз мәдениеті, 1984 ;

Қ.Жолдыбай. Кемел адам, 199-бет.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

**БІЛЕ
ЖҮРІҢІЗ!**

САРА СӨЗ

*Егер сіздің бизнесіңіз интернетте
болмаса, онда сіз бизнесте жоқсыз.*

Билл Гейтс

Интернет — миллиондаған шағын компьютерлік желілерді бір-бірімен байланыстыратын компьютерлік бағдарлама. Компьютерлерде мәтін, сурет, аудио, бейнематериалдар мен өте үлкен ақпарат көлемі сақталады. 2004 жылы Марк Цукерберг «The Facebook» әлеуметтік желісінің негізін қалады. 2005 жылдан бұл желі «Facebook» деп атала бастады. 2008 жылы «Facebook» әлеуметтік желісі әлемдегі ең танымал әлеуметтік желіге айналды және де бүгінгі күнге дейін көштің басында. Бүгінгі күні «Facebook» әлем бойынша «Google»-дан кейін ең көп танымалдылыққа ие екінші интернет сайт. Instagram әлеуметтік желісін дайындауды Майк Кригер мен Кевин Систром Сан-Францискода бастаған екен.





**1-тапсырма. Сіз қай желіде көп уақыт өткізесіз?
Әлеуметтік желіде қанша досыңыз бар?**



2- тапсырма. Пікір білдіріңіз.

- Әлеуметтік желіні мүлдем қолданбайтын адам мен үнемі қолданатын адамның айырмашылығы туралы пікірталас ұйымдастырыңыздар. (Артықшылығы мен кемшілігі)
- Қозғалатын мәселе: *уақыт, денсаулық, шығын, заманауи.*



3-тапсырма. Сленг сөздер қатарын толықтырыңыз және дұрыс нұсқа ұсынып жазыңыз.

Сленг сөздер	Дұрыс нұсқа
<i>Шпор жасау</i>	
<i>Хейт</i>	
<i>Құлаққа лапта ілу</i>	
<i>Маяк тастау</i>	
	
	

ТЫҢДАЛЫМ




БҮЛ ҰҒЫМДАР ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАШАН КЕЛДІ?



4-тапсырма. Хат жаздым...

№1.

WhatsApp желісі
бойынша
досыңызға
қысқаша
хат жазыңыз.



.....

.....

.....

.....

.....


.....

.....

.....

№2.

Хатты қағазға
түсіріп жазыңыз.



.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....



**Екі жазбаны жазу барысында нені байқадыңыз?
Ой бөлісіңіз.**

Жағдаят №1.

**Асты сызылған сөйлем бойынша ойыңызды жалғастырып,
әріптесіңізге кеңес беріңіз.**

Маған қазақша қаріптермен жазу ыңғайлы. Ал желідегі достарым тек қазақша қаріптермен жазады деп айта алмаймын. Көбі сауаттылық мәселесіне мән бермейді. Олардың арасында латын әріптерін қолданатындар да бар. Мен кейде сөздерді ауызекі тілде жазамын. Сол кезде сөйлесуші тараптың әрбір қатемді жөндеп отыратыны ұнамайды. Қазіргі заманда сауатсыз адам бола қоймас, нақтылап жазып отыруға ерінетін адамдар көп. Бастысы әрқайсымыздың телефонымызда қазақша қаріптердің болғаны дұрыс деп ойлаймын. Сауаттылық деңгейін арттыру қазіргі жастардың қолында.

Әлеуметтік желідегі басты қателік - қазақ қарпін пайдалана білмеу.

Әлеуметтік желідегі басты қателік - қазақ қарпін пайдалана білмеу. Қазақ әліпбиіндегі тоғыз әріп әлі күнге өз орнында жұмсалмайды. «Қ»-ның орнына «к», «ә»-нің орнына «а», «ө»-нің орнына «о», «ң»-ның орнына «н» әріптерін жазу жастардың үйреншікті дағдысына айналып кеткен. Нәтижесінде сөздердің ақсауына жол береміз. Сондай-ақ кейбір сөздерді жөнсіз қысқартып жазу (ол да өзге тілде). Мысалы спс (рақмет), ок (жарайды, сізбен келісемін), т.с.с. сөздер жазба мәдениетімізге нұқсан келтіруде. Менің ойымша, жастардың әлеуметтік желіні пайдаланудағы ескермейтін нәрсесі – ауызекі тіл мен жазба тілдің айырмашылығын ажырата алмауында. Ауызекі сөйлеу тіліндегі фонетикалық-грамматикалық қолданыстар, жазба тілде сол күйде қолданыста жүреді. Бұл жазба тіл мәдениетінің сақталмауына әкеліп соқтырады.

СӨЗТҮЗЕР

Алу бойынша сұрақтары. *Дегенмен әлі де тұтынушылардың жинақты шешіп алу бойынша сұрақтары жеткілікті.* Сөйлемдегі «... алу бойынша сұрақтары» - орыс тіліндегі «по вопросам снятия...» клишесін калькалап аудару салдарынан болған олқылық. **Дұрысы:** *Дегенмен әлі де тұтынушылардың жинақтан ақша алуға қатысты сұрақтары жеткілікті.*

СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Кіші жүздің Жарабай деген жуан тұқымы қыпшақтың бір адамын өлтіріп, теңдік бермейді. Бір жолы қыпшақтың талапкерлеріне жас бала ілесіп барады.

Сонда Жарасбайдың даугері:

– Бұл келіннің тойы, кемпірдің өлімі емес, ердің құнын, нардың пұлын даулайтын, ердің арын, елдің намысын қозғайтын үлгілі би, үнемі жүйрік түсетін жер емес пе? Түйенің тайлағы, баланың ойнағындай мыналарың кім? – дейді.

Сонда бала былай деп жауап беріпті.

Жауап:


...«Ердің құнын жастың жайсаңы, кәрінің шайтаны даулайды» деуші еді. Сен кәрінің шайтаны болсаң, мен жастың жайсаңымын. Төріңнен көрің жуық қалғанда, дауға араласатын сенің не жөнің бар?» – дейді.

Осындай билік айтқан баланың аты Төле екен. Кейін Төле би атаныпты.

EL.kz


ОҚЫЛЫМ**Мәтінге ат қойыңыз****5-тапсырма. Сәйкесін тауып, сөз тіркесін жасаңыз.**

Ағылшын ғалымы Тим Бернерс-Ли 1989 жылы гиперсілтемелерді пайдалану арқылы ішкі құжат алмасу жүйесін жетілдірудің жолын ұсынды. Дәл осы кішігірім жобадан дүниежүзін жаулаған ғаламтор пайда болды. Әлемдегі алғашқы веб-сайтты 1991 жылы 6 тамызда Тим Бернерс-Ли құрды. Онда ғаламтор дегеніміз не, веб-серверді қалай орнату керектігі туралы және веб шолғышты, сондай-ақ басқа да анықтамалық ақпаратты қалай жүктеуге болатыны туралы мәліметтер болды.



Соңында бұл паракша жоғалып кетіп, қолжетімді дербес көшірмелердің арқасында қайта табылды. Ғаламторды ойлап тапқаннан кейін төрт жыл өткен соң оны шамамен 50 миллион адам пайдаланды. Салыстыру үшін, телефон пайдаланушыларының осындай аудиториясын жинауға – 75 жыл, радиоға – 38 жыл, теледидарға – 13 жыл, Angry Birds ойындарына назар адаруға 35 күн ғана кетті. Жаңа Зеландияның Тынық мұхиты аймағында орналасқан Ниуэ мұхиттық аралында шамамен 1400 адам тұрады. Дүниежүзіндегі ең ірі маржанды арал саналатын Ниуэ аралының бүкіл аумағында ғаламтор тегін.





Тұрғындар Wi-Fi арқылы ғаламторға тегін кіре алады. Тегін ғаламторды Ниуэден.nu доменін сатып алған компания қамтамасыз етеді. Мұндай домендер бірнеше еуропалық елдердегі сайттарға танымал. Себебі, швед, дат және голландиялық тілде nu сөзі «қазір» деген мағынаны береді. Facebook әлеуметтік желісінің негізін қалаушы Марк Цукерберг тұса ажыратпаушылықтан (дальтонизм) зардап шегеді. Цукерберг жасыл және қызыл түстерді дұрыс ажырата алмайды, бірақ ол көгілдір түс пен соған байланысты түстерді жақсы қабылдайды. Сол себептен Facebook-тің дизайні көк түсті.

Қысқартылып алынды



6-тапсырма. Берілген тақырыптарды негізге ала отырып, ойыңызды жалғастырыңыз.

*Ғаламтордың жылдамдығына көңіліңіз тола ма?
Сәйкес жауапты толтырыңыз.*

Иә

Жоқ

.....	
.....	
.....	
.....	
.....	
.....	

Онлайн құжат алмасудың артықшылығы мен кемшілігін айтыңыз.

Иә

Жоқ

.....	
.....	
.....	
.....	
.....	
.....	

Әлеуметтік желіге байланысты қандай жобаларды ұсынар едіңіз?

Иә

Жоқ

.....	
.....	
.....	
.....	
.....	
.....	



ЕСТЕ
САҚТАҢЫЗ!

- Ұялы телефонды қажеттілікке қарай пайдалану керек.
- Жасөспірімдер мен балаларға ұялы телефон пайдалану мәдениетін үйреткен жөн.
- 12 жасқа дейін ұялы телефонды пайдалануға тыйым салу керек.
- Сөйлесу уақытын 3 минуттан арттырмауға тырысқан жөн.
- Уақытты үнемдеу үшін әлеуметтік желілер мен түрлі мессенджерлерден келетін хабарламаларды өшіріп қойған тиімді.

(«Кемел адам» Қ.Жолдыбай)

ҚОРЫТЫНДЫ

ТЕЛЕФОНМЕН ТІЛДЕСЕЙІК!

Шарты: Оқытушы барлық тыңдаушылардың телефон нөмірі жазылған кима қағаздарды бүктеп, ортаға ұсынады. Әр тыңдаушы өзіне тиесілі қағаздағы нөмірге қоңырау шалып, белгілі бір тақырыпта тілдеседі. Дайындалуға уақыт берілмейді.



**ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ
МАЗМҰНДАҒЫ
СӨЗ ӘДЕБІ**

1 САБАҚ *Тайм-менеджмент*



2 САБАҚ *Дипломатиялық қарым-қатынас*



3 САБАҚ *Академиялық шешендік*



4 САБАҚ *Пікірталас мәдениеті*



САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ: Сөйлеу кезіндегі уақытты тиімді пайдалану жоспарлау дағдыларын қалыптастыру.

САБАҚТЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:

Қ.Жолдыбай. Кемел адам, 176-221 б.б.

Ж.Бұлғак. Сөз менеджменті, 175-б.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

Жаңа сабақ



СӨЗҚОРЖЫН

Дайындық
уақыт
тиянақты
қысқа әрі нұсқа
кешігу
мақсат
жоспарлау
басымдық беру
уақытты басқару

САРА СӨЗ

*Денсаулық пен бос уақыт -
адам баласы қадірін бағалай
алмай, алданып қалатын екі
байлығы.*

Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар



1-тапсырма. Жоғарыда берілген сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құраңыз.

1.
2.
3.
4.
5.



2-тапсырма. Өз тобыңызда талқылап, сөйлемдер арқылы мәтін құрастырыңыз. Мәтінге тақырып таңдаңыз.

-
-
-
-
-

СӨЗТҮЗЕР

Арналып салынған. Бұл үй о баста әлеуметтік осал топтарға арналып салынған екен. **Дұрысы:** арнап салынған.

СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Атақты билер арқаға жиналыпты. Айтқан мезгілден Төле би кешігіп келеді. Оған шамданған қарт билер:

– Төле би келсе, орнымыздан тұрмайық, – деп уәделеседі. Бірақ Төле би келгенде орындарынан тұрып кетеді. Тек екі-үш би ғана тұрмайды. Төле би көпшіліктен кешіккені үшін кешірім сұрайды. Әлгі тұрмай қалған билердің бірі сөзден ұту үшін сынай сұрақ қояды:

– Бақ дегеніміз не?

Байлық дегеніміз не?

Бала дегеніміз не?

Төле би орнына отырмай, түрегеп тұрған бойда:

Жауап:

Бақ – ұзатылған қыз,

Байлық – еритін мұз,

Бала – артта қалған із.

Өмірдің адамға ең жақсы сыйы –

Сыйласқан сіз бен біз.

Z-taraz.kz

Үлгімен салыстырыңыз:

Бірінші блок: сағат 08:00-09:00 – таңғы ас пен жұмысқа бару уақыты

Екінші блок: сағат 09:00-18:00 – күнделікті жұмыс уақыты (фирмадағы, мектептегі, мемлекеттік қызметтегі).

Үшінші блок: кешкі сағат 19:00-22:00 аралығы – бұл уақытты достарыңызға, отбасыңызға арнаңыз.

Төртінші блок: сағат 22:30-06:00 – түнгі ұйқы.

ОЙТАЛҚЫ.

- 1.«Дайындыққа мүлде уақыт жоқ» деген пікірге келісесіз бе?
2. Бос уақытын әлеуметтік желіге жұмсайтын адамдар туралы не айтасыз?

Зерттеулерге сүйенсек, бүгінгі таңда смартфонды орташа қолданатын адамның өзі оны күніне 2 617 рет, ал көбірек қолданатындары 5 400 дүркін түртеді екен. Apple компаниясы Айфонды белсенді қолданушылар күніне 80 рет, сағатына 7-8 рет қарайтынын растаған.



4-тапсырма. Өленді мәнерлеп оқып, мәтінге айналдырып жазыңыз.

А. Құнанбайұлы

Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Ғәмишә өмір өтпек ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.
Сағаттың өзі де ұры шықылдаған,
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.
Өткен өмір белгісі осы сыбдыр,
Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр,
Ақыл анық байқаған қылығыңды,
Қу шыққансып қағасың босқа бұлдыр.



.....


.....

.....

.....

.....

.....

20/80 - Паретто принципі

Өмірдегі маңызды істерді анықтай алсақ, қалғандарына «жоқ» деп айту оңай болмақ.

Стивен Кови

Уақытты үнемдеуге арналған лайфхактар

1. Әлеуметтік желілер мен түрлі мессенджерден хабарламалар келетін дыбысты өшіріп қойған тиімді.
2. Танымайтын нөмірлерге мүлде жауап бермеңіз. Өйткені телефон шалған адамға қатты қажет болсаңыз, міндетті түрде поштаңызға немесе мессенджеріңізге хат арқылы сөйлесуге сізден рұқсат сұрайды.
3. Әлеуметтік желідегі парақшаларға таңдап-талғамастан жазыла бермеңіз. Сіздің салаңызға, тұлғалық дамуыңызға пайдалы адамдарға ғана жазылыңыз.
4. Теледидарды жиі қарамаңыз.
5. Көлікте аудиокітап, пайдалы ақпаратты тыңдауды әдетке айналдырыңыз.
6. Кездесуге немесе қонаққа барарда қанша уақыт болатыныңызды алдын-ала ескертіп қойған тиімді. Мысалы, «Сізбен кездесуге 1 сағат уақытым бар» дегендей.
7. Онлайн сауда-саттық жасауды әдетке айналдырыңыз.
8. «Жоқ» деп айту дағдысын үйреніңіз.
9. Күн сайын өз-өзіңізге есеп беруді ұмытпаңыз!

**5-тапсырма. Жағдаят.**

Берілген ескертпелерді пайдалана отырып, тапсырманы көрініс арқылы орындаңыз

Сіз конференция жүргізіп отырсыз. Уақыттан ауытқыған спикерлер үшін қандай әрекет жасар едіңіз?

Сізге спикер ретінде 20 минут уақыт регламенті қойылған. Бірақ айтатын сөзіңіз таусылды. Сіздің әрекетіңіз қандай болмақ?

Уақытты дұрыс жоспарламай айтатын ақпаратты аяғына дейін жеткізе алмадыңыз. Сіздің әрекетіңіз қандай болмақ?

- Қарсы тараптың көзіне тіке қарап кемінде 3 секунд кідіріс жасау – жеңіске жетудің төте жолы. Сөздің өтімді болуы дұрыс қойылған паузаға байланысты;

- аудиториядағы адамдармен көзбен байланыс орнатпасаңыз, сөзіңізге сенім аз болады;

- халыққа қимыл-қозғалыстың, динамиканың керек екенін ұмытпаңыз;

- паузаны әлемдік саясатта жүрген басшылар көп қолданады. Олардың сахнаға шығып, сәл кідіруі – жұртты өзіне қаратады;

- халық алдына шыққан соң сіз

- ораторсыз, сондықтан диалог орната біліңіз.



Суреттегі кейіпкер кім? Ол туралы білетіңізді жазыңыз.



ГОВОРИТ МОСКВА!

Левитан - мың жылда бір туатын ең мықты дикторлардың бірі. Мектепте өте нашар оқып, 9 жылда 7 сыныпты әуірімдеп әрең аяқтаған. Тәртібі де өте нашар, «Шалапай Левитан» деген лақап атқа ие болған. Ол 1927 жылы 13 жасында Прага қаласында атақты ақын В.Маяковскийдің кешіне барады. Сахнада тұрған Маяковскийдің өзін-өзі ұстауы, өлең оқу мәнері, мимикасы, жестикуляциясы - Левитанды еріксіз баурап алады. Ең басты ұнағаны – ақынның даусы еді.

Жұмыс іздеп жүріп, бір студияға кезекші болып орналасады. Жұмысқа келген алғашқы күні-ақ кәсіби мамандар оның даусын аңғарады. Микрофонға шақырып, сөз сөйлеп көруді ұсынады. Таңғаларлық дауыс, басс, интонация барлық маманды естен тандырады. Бірақ мектепте нашар оқығандығы осы жерде көрінді. Сөздерді дұрыс оқи алмай көп қиналады. Орыс тіліндегі «Молоко» сөзін дәл осы қалпында оқитын. Енді ол редакторлардың берген мәтінін өзіне ыңғайлап көшіріп жазып алады. «Молоко» сөзін айтылуы бойынша «Малако» деп жазады. Ал дауыс тонын жоғарылатып айтатын сөздерді қызыл қаламмен, ал көк қаламмен даусын бәсең, ақырын тонмен айтылатын сөздерді астын сызып, белгілеп алатын болған. Ол өзінің 30 жыл бойғы еңбек жолында осы әдетінен жаңылған емес. Осындай екітүс біріктірілген қарындаштың бір бумасын Левитанға Иосиф Сталин өз қолымен сыйға тартады. Бірде Сталин радио тыңдап отырып әуезді тембр, ерекше ырғақты дауысқа назар аударады. Көмекшісіне телефон соғып, ертеңгі баяндамасын дәл осы дауыс иесі оқу керектігін бұйырады. Бұйрықты таңертең естіген, ал кешкісін микрофонға отырған Левитан төрт жарым сағат бойы баяндаманы бірде-бір қатесіз оқып шығады. Осыдан соң, Левитан Сталиннің барлық баяндамасын оқитын жеке дикторы болды. 19 жасар тек екілікпен оқыған оқушы енді бүкіл елдің даусына айналды. Оған енді еш уақытта қателесуге болмайды.

Қысқартылып алынды





Суреттегі кейіпкер кім? Ол туралы білетіңізді жазыңыз.

	Дұрыс	Бұрыс
Шын аты - Шалапай Левитан	☐	☐
Молоко деп жазды	☐	☐
19 жаста елдің даусына айналды	☐	☐
Прага қаласындағы театрға кезекші болып орналасты	☐	☐
Сталиннің баяндамасы төрт сағаттық еді	☐	☐
Көк қаламмен тоны жоғары сөздерді белгілеп қойды	☐	☐
Жазушы Маяковскийдің кешіне барды	☐	☐
Ерекше даусын алғаш Сталин аңғарды	☐	☐
Левитан 7 жылда 9 сыныпты оқыған білімді болды	☐	☐



Берілген сөздермен мағыналас сөздер қатарын толықтырыңыз.

Әупірімдеп
Баяндама
Лақап
Интонация
Баурап алды

.....

.....

.....

.....

.....

ҚОРЫТЫНДЫ

Берілген бөлімдерге сәйкес «Тіл - ұлттық қазына» тақырыбында 7 минуттық баяндама мәтінін жазыңыз.

Кіріспе

.....

.....

.....

.....

Негізгі бөлім

Қорытынды

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ: Іскерлік қарым-қатынас мәдениетінің нормаларын түсіндіру, келіссөз жүргізу, келісім орнату сипатындағы мәтіндермен таныса отырып, практикада қолдануға дағдыландыру.

САБАҚТЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:

Р. Сыздықова. Тіл және ұлттық мәдениет, 2018;

Н.Уәлиев. Сөз мәдениеті, 1984;

Қ.Жолдыбай. Кемел адам, 199-бет.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ: Жаңа сабақ

СӨЗҚОРЖЫН

САРА СӨЗ

*Болам десең ақылы асқан тұлға,
Тырысқан жөн сөзінді жақсартуға.
Керемет сөз сөйлеудің құпиясы -
Керек емес сөздерден бас тартуға.*

Ж. Бұлақ

жазылым
хабарландыру
мәтін
баяндама
хат жазу
пайдалы ақпарат
әсер алу
түйін сөз



1-тапсырма. Жоғарыда берілген сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құраңыз.

1.
2.
3.
4.
5.



2-тапсырма. Өз тобыңызда талқылап, сөйлемдер арқылы мәтін құрастырыңыз. Мәтінге тақырып таңдаңыз.

-
-
-
-

СӨЗТҮЗЕР

Аспазшы. Алайда, өте бай адамдар демалысында терезеден тамаша көрініс ашылатын, жеке аспазшысы бар жеке үйлерді жалға алады. Қазақ тілінде-**шы** жұрнағы белгілі бір кәсіппен, іспен айналысатын адамды білдіру үшін жалғанады. Ал *аспаз* сөзі –**шы** жұрнағы жалғанбай-ақ «тағам дайындайтын адам» деген мәнде қолданылады. Бұл атау «ас» сөзіне «паз» жұрнағы жалғануы арқылы жасалған. Мамандық атауын білдіретін *аспаз* сөзіне белгілі бір кәсіппен, іспен айналысатын адамды білдіру үшін жалғанатын –**шы** жұрнағын жалғау артық әрі орынсыз. **Дұрысы:** *аспаз*.

463 миллион \$ табыс әкелген түйін сөз

Америкалық белгілі режиссер Гарри Маршалдың кино әлемінде орны орасан зор. Кинопрокатта 463 000 000 \$ тапқан тұңғыш адам. АҚШ-тың кино саласында жүрген жас мамандары сол кісіге келіп: «Гарри мырза, біз де кино түсіріп жатыр едік, жалпы мына киноға ақша салу керек пе, керек емес пе, бұл кино

Бұл туралы не айтасыз?



табыс әкеле ме, әкелмей ме, оны алдын-ала қалай білеміз?», - деп сұрағанда, атақты режиссер бір ауыз сөзбен: «Егер көпшілік кинодан шыққан соң сол кинодағы бір фразаны, яғни, фишка сөзді жаттап шықса, ол кино міндетті түрде танымалдылыққа ие болады, табыс әкелетін кино сол болады», - деп жауап беріпті.

СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Төле би тоқсан жасқа келгенде Қаз дауысты Қазыбек сәлем бере барыпты. Елдің жақсылары, шешендер, ойшылдары жиналып, әңгіме-дүкен құрып отырғанында:

- Қаз дауысты Қазыбегім келді. Бәрің түгел жиналыңдар. Сендерге айтар он түрлі жұмбағым бар, соны шешіңдер, – дейді Төле би.
- Айтсам, он түрлі жұмбағым мынау: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.
- Бұл не деген жұмбақ! Осындай да жұмбақ бола ма?

– Төке, бұл жұмбақты мен шешейін, рұқсат етіңіз? – дейді Қаз дауысты Қазыбек.

– Рұқсат, рұқсат. Жұмбақтың шешімін жалғастырыңыз.

Жауап:

Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман,

Екі дегеніміз –,

Үш дегеніміз –,

Төрт дегеніміз –,

Бес дегеніміз –,

Алты дегеніміз –,

Жеті дегеніміз –,

Сегіз дегеніміз –,

Тоғыз дегеніміз –,

Он дегеніміз –,

Z-taraz.kz

**КЕРЕК
КЕҢЕС**

1. Кез келген ортада сөйлейтін сөзіңізді, айтатын мәтініңізді түгелдей жаттамаңыз!
2. Кіріспе мен қорытынды сөзіңізді толықтай сенімді айту үшін жатқа білсеңіз болды.
3. Ақпаратты бір сарынмен зырылдатып айтып шығудан аулақ болыңыз.
4. Негізгі бөлімді жаттаудың тиімді әдісі – тірек сөздерді жазып алу.

Мысалы:

- Амандасу
- Сабырлы болу сырлары
- Аудиторияға сұрақ
- Түйін
- Өмірлік ұстанымдар

1. Егер маңызды жиынға дайындалып үлгермесеңіз, айтар ойыңызды 3 бөлікке бөліп алыңыз.

Мысалы:

Біз жіберген қателік	Біздің жетістік	Біздің мақсат
.....		
.....		
.....		
.....		
.....		
.....		
.....		
.....		
.....		




3-тапсырма. Үлгі бойынша кестені толтырыңыз.

Сыпайы түрде	Ауызекі сөйлеу тілінде
Үлгі: <i>Кешіріңіз, аялдамаға қалай баруға болатынын айтып жібересіз бе?</i>	<i>Аялдама қайда?</i>
Мазалағаным үшін кешіріңіз, кітапхананың қай жерде екенін көрсетіп жібересіз бе?	
Ғафу етіңіз, мені өткізіп жібересіз бе?	

**4-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, тапсырмаларды орындаңыз.****Іскерлік тілдесу жүргізудің ережелері**

Бәрін дер кезінде жасайтын адамның ғана мінез-құлқы қалыпты деп саналады. Кешігу жұмысқа кедергі келтіреді және кешігетін адамға сенім артуға болмайтынын көрсетеді. Сондай-ақ, корпорацияның немесе нақты мәміленің құпияларын жеке сипаттағы құпия сияқты ұқыпты сақтау қажет. Қызметтестен, басшыдан немесе бағыныштыдан олардың қызметтік іс-әрекеті немесе жеке өмірі туралы естігендерді өзгелерге айтуға болмайды. Кез келген жағдайда клиенттермен, қызметтестермен, басшымен жылы шырайлылық, мейірімділік, сыпайылық таныту маңызды. Кездесу тақырыбына сай киіну мен сөйлесу – Сіздің жақсы дипломат болуыңыздың көрінісі. Логикалық екпін, пауза, сөзді драмалау техникасын пайдаланыңыз және қимыл тілдері шеберлігін пайдалану арқылы сөздеріңізде жаңа реңк пайда болады. Келіссөздердің барысы мынадай сызбаға енеді:

**ЖАҒДАЯТ****5-тапсырма. Сызба бойынша кездесу барысында сөйлейтін сөзіңіздің мәтінін дайындаңыз.****Әңгіменің басы**

.....

.....

Ақпарат алмасу

*Аргументтеу және
контраргументтеу*

*Шешімдер жасау
және қабылдау*

*Келіссөздерді
аяқтау*



6-тапсырма. Негізгі тірек сөздер қатарын толықтырыңыз.


мәміле

***Іскерлік кездесу, іскерлік қарым-қатынас, іскери құжат* деген тіркестерге түсініктеме беріңіз.**

Іскерлік кездесу –
іскерлік қарым-қатынас –
іскери құжат –



7-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып Үндістан мен Англия туралы шағын ақпарат ұсыныңыз.



Үндістанның атақты саясаткері Махатма Ганди өте қарапайым әрі шынайы өмір салтын ұстанатын тұлға еді. Күндердің күнінде Үндістанда өте бай-қуатты адамдар бар болатын, дегенмен, халықтың басым көпшілігі кедейшілікте өмір сүрді. Ал Ганди болса өзінің атақты саясаткер екеніне қарамастан, қарапайым халықтың қатарында болып, дәл солар секілді күн кешті. Ол киімнің орнына жай матаны жамылғы ретінде қолданып, аяқкиімнің орнына қарапайым жеңіл сандалыны киді. Бір кезде оны Англияның премьер-министрі Уинстон

Черчилль кездесуге шақырып, артынша Черчилль мырза өз ойынан бас тартып Гандиді қабылдамай қояды. Ол бұл әрекетін былай түсіндіреді:

– Мен сізбен сөйлесе алмаймын. Сіз өз деңгейіңізге қарап киініп, тиісті әдепті сақтауыңыз керек,- дейді. Сол кезде Ганди Черчилльге:

– Сіз Англияға және Англияның экономикалық жағдайына өкілдік етесіз және соған лайықты киіне аласыз, бұл тарапта сізде ешқандай мәселе туындамауы керек. Ал, мен – Үндістанның өкілімін. Мен Үндістанның экономикалық дәрежесін ескере отырып, осы елдің барлық қарапайым халқы секілді киінгенді жөн көрдім. Үндістердің қолдарынан келер бар мүмкіндігі осы, сол үшін мен де бұдан артық киіне алмаймын", - депті.




.....

.....

.....

.....

.....



.....

.....

.....

.....

.....

Мәтінге тақырып тандаңыз.

- ☐ А) Саясат сахнасы
- ☐ В) Саясаткер тұлға
- ☐ С) Тұлғалар

Тұлғалардың әрекетіне баға бере отырып, сын тұрғысынан талдау жасаңыз.



.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....



ҚОРЫТЫНДЫ. ЖАҒДАЯТ.

1. Қазақстандық саяси көшбасшылардан кімдерді білесіз және олардың тұлғалық сипатын дәлелдеңіз.
2. Сіз кәсіпкерсіз. Сауда орнындағы сатушыларға өз қызметтеріңізді ұсыныңыз.

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ: Тыңдаушылардың жазылым дағдысын қалыптастыру. Эссе, мақала, баяндама, хабарлама мәтіндерінің жазылу ерекшеліктерін үйрету.

САБАҚТЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:

Р.Сыздықова. Тіл және ұлттық мәдениет, 2018;

Н.Уәлиев. Сөз мәдениеті, 1984;

Қ.Жолдыбай. Кемел адам, 199-бет.

Е.Оспанов. Академиялық жазылым, 2018.

СӨЗҚОРЖЫН

жазылым
хабарландыру
мәтін
баяндама
хат жазу
пайдалы ақпарат
әсер алу
түйін сөз
тірек сөз

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ: Жаңа сабақ**САРА СӨЗ**

*Соқыр көретіндей, саңырау
еститіндей етіп жаз.*

Ғ. Мүсірепов



1-тапсырма. Жоғарыда берілген сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құраңыз.

1.
2.
3.
4.
5.



2-тапсырма. Өз тобыңызда талқылап, сөйлемдер арқылы мәтін құрастырыңыз. Мәтінге тақырып таңдаңыз.

-
-
-
-
-

СӨЗТҮЗЕР

Аты аталған. Жогарыда аты аталған мамандықтар Алматыда жылдар бойы өзекті болып қала береді. Орыс тілінің ықпалымен орныққан, басы артық сөзді көп қолдану салдарынан туындаған стилдік қате. Сөйлемдегі аты аталған тіркесі плеоназм тудырып тұр, аты сөзін түсіріп тастауға болады. **Дұрысы:** *аталған*.

СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Бірде «Қасқакөл дауындағы» Орманбет бимен сөз таластырған Әйтекенің шешендігіне таңырқаған ел биге риза болып, зор сенім артқан екен.

Жауап:

*«Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін,
Батыр болсаң, жауға найзаң тисін.
Бай болып елге пайдаң тимесе,
Батыр болып жауға найзаң тимесе,
Елден бөтен үйің күйсін!».*

Z-taraz.kz

**3-тапсырма. Пікір білдіріңіз.**

Мәтінді қалай қысқа, құлаққа жағымды, халыққа өтімді етіп жазуға болады?

1.
2.
3.

Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл.

Ана тілі туралы
өз пікіріңізді
білдіріңіз



4-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыз.



...Бір айтыста орыс қызы Надежда Лушникованың өнері елеусіз қалып, ұйымдастырушылар ер адамның «Маяк» қол сағатын тарту етеді.

Осы шақта залдағы алдыңғы қатардан:

– Жоқ, Надя алмайды, бұл сағатты, – деген біреудің саңқ еткен қаһарлы даусы шығады. Ол ұзын бойлы, әскери киімді батыр Бауыржан Момышұлы болатын.

Жазушы Бауыржан Момышұлының сөзін төмендегідей береді.

«Менің ана тілімде асыл сөздер ақтарып, жұрттың жүрегін тербеген мынау шүйкедей сары қыз!», – деді ол жұртқа Лушникованы нұсқап. Зал демін ішіне тартып, тына қалды:

– Сенің тіліңді біліп, жай сөзіңді сөйлей беретін орыс, неміс, өзбек, шешен, қырғыз толып жатыр, – деді ол енді төрешіге қадалып.

– Бірақ сенің өнер тіліңді өз тілінен артық білетін осы Надядан басқа кімді көрдің, айтшы, кәне? Кешегі Мариям Жагорқызының жөні бір басқа. Дәл бүгінгі бас бәйге біздің тілімізде бұлбұлдай сайраған осынау кішкентай қызға берілуі тиіс!»

Бауыржан Момышұлы Н. Лушниковаға сағатты алдырмай, өзі дүкенге ертіп барып, таңдап жүріп «Лира» деген маркалы алтын сағатты сатып алып: «Надя, шеберлігің үшін. Б. Момышұлы 25.02.1964 ж.» деген жазуымен сыйға тартады. Надежда Лушниковаға Бауыржан Момышұлының сыйы деме, асыл өнеріңе берген қазақтың сыйлығы де, игілігіңе тақ деген тілек айтады.



**5-тапсырма. Оқылым мәтінін пайдалана отырып,
2 минуттық ақпарат әзірлеңіз.**




6-тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз.

1. Қазақ тілін өз ана тіліндей білетін, құрмет тұтатын Н. Лушникова сияқты басқа ұлт өкілдерінен кімдерді атай аласыздар?

2. Өзіңіз шешендік, тапқырлық қасиетін үлгі ететін тұлғаны сипаттаңыз жазыңыз.



7-тапсырма. Тезис бойынша мәтін құрастырыңыз.



8-тапсырма. Кестені толтырыңыз.

Сөздер	Дұрыс жазылуы	Мысалы
Қазір, кәзір, қазыр, хазыр		
Қата, қате, хата, хате		
Бейіл, пейіл, пиғыл, пиығыл, быйғыл		
Әлдеқашан, алдақашан, әлдеғашан, алдағашан.		
Әлдегім, әлденім, әлдекім		



9-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып жазыңыз.

1. Өзен жағасында жалғыз тал бөлек тұр. 2. Таң атты. 3. Бөлме іші ысып кетті. 4. Асқар қатты қуанды.

Үлгі: 1. Өзен жағасында жалғыз тал бөлек тұр.

- Өзгеден оқшау тұрған жалғыз тал төңірегіне тәкаппарси қарайтындай.
- Мұң басқан жалғыз тал топтасқан ағаштар тұсындағы у-шуға қызыға, қызғана қарайды.

Таң атты	Асқар қатты қуанды	Бөлме іші ысып кетті



10-тапсырма. Берілген мәтіндерді кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерге бөліп, әр бөлімге тақырып қойыңыз.

Жасыл желек ғажаптары



Солтүстік Каролинада (Солтүстік Америка) шыбынжұт (венерика мухоловка) өсімдігі өседі. Шыбынжұт деп аталған бұл өсімдік тек қана шыбынды ғана емес басқа да көптеген жәндіктерді ұстап жейді. Бұл дымқыл әрі күн жақсы түсетін жерді жақсы көретін өсімдік. Жапырақтың

жиектерінде қатты түктері бар. Сырттан келген жәндік әлгі түктердің бірін сүйкеп кеткен жағдайда жапырақ алақанының екі тілімі бірден қимылға еніп жабылып қалады да жәндік қайта шығып үлгері алмайды.

Қақпанына түскен жәндікті өсімдіктің қорытуы бірнеше күнге созылады. Ашылған кезде өсімдіктің жегенінен қалған жәндіктің қалдықтарын жел ұшырып, жаңбыр суы жуып әкетеді. Жапырақ келесі құрбанын ұстауға дайын. Жапырақтар аса ірі немесе қатарынан 2-3 жәндікті ұстап жегеннен кейін қарайып, өліп қалады да, оның орнына жас жапырақтар шығады. Ғалымдардың дәлелі бойынша жәндік жегіш өсімдіктер ет қорексіз де тіршілік ете алады. Ал тағам құрамына ет қосылған жағдайда дамуы тездейтіндігі белгілі болды. Екі-үш жәндікті ұстап жегеннен соң жапырақтардың өліп қалуы өсімдіктің ұрпағын сақтауын қамтамасыз етеді.

Бір жапырақ өліп, екінші жапырақ шыққанға дейінгі уақытта өсімдік қорегінің көптігінен дем алады. Қомағайлық қандай организмге болса да қауіпті. Шыбынжұты жапырағының жабылу механизмі өте тез, ол бар болғаны 0,02-0,05 секундқа ғана созылады. Бұл процесті ботаника тілінде сейсмонастия дейді. Мұның мәні – сыртқы әсерге өсімдік органдарының қозғалыс арқылы жауап қайтаруы деген сөз.

ЖАЗЫЛЫМ



Ғылыми мәтінді көркем-әдеби стилдегі мәтінге айналдырып жазыңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....



Ақпаратты толықтырып жазыңыз.

Шыбынжұт жейді.
Қозғалыс арқылы жауап қайтару деп аталады.
Организмге болу қауіпті.
Шыбынжұт жақсы көреді.
2-3 ірі жәндікті жегеннен соң
Қатты түктер орналасқан.
Жапырақтың жабылу механизмі

Тірі су қоймасы

Африкада аты әлемге әйгілі қарт баобаб өседі. Бұл алып ағашты жергілікті халықтар кейде құрметпен «мейірімді баобаб» деп атайтын көрінеді. Саванна ормандарының әр жерінде жалғыздан өскен алып ағаштар алыстан көз тартады. Оның діңінің жуандығы шамадан тыс. Аса ірі шырынды жемісі Саваннадағы ең ыстық күндері піседі. Жемістерін сумен қамтамасыз етіп және өздері де ыстықтан құрғап қалмас үшін діңіне көп етіп су жинап алады. Діңінің ішінде суы бар баобаб құлап қалған күннің өзінде немесе қолдан кесіп тастаған жағдайда ұзынынан өсе беретіндігі белгілі болды. Бұл ағаштың діңінің он метрдей болып жуандауы кездейсоқ емес. Діңін қаптаған сұрғылт түсті қабығының астында борпылдақ әрі жұмсақ сүрегі жатады. Ол суға толы болады, ондағы судың көптігі сондай, су сыйымдылығын темір жолдың су құятын цистернасына теңеуге болады.

Баобаб діңінде қанша су жиналуы мүмкін? Ғалымдар кем дегенде 120 мың текше метр деп көрсетеді. Мұншалықты суды тропиканың ыстық күнінде сақтап тұру үшін аса берік қабық керек. Ал баобабтың діңінің сыртқы қабығы ішкі борпылдақ сүрегінен де жұмсақ, жұдырықпен қатты ұрғанның өзінде ішіне қарай қабысады. Мұндай әлсіз қабығы бар өсімдік әлгідей көп су жинау былай тұрсын, өз денесін ұстап тұра алмай, құлап қалар еді. Жергілікті халық ол талшықтан музыка аспабының ішегін жасайды. Баобаб талшығынан жасалған арқанды хайуандар алыбы пілдің өзі де үзе алмайды.



Оңтүстік Родезияда баобаб діңінің жуандығын 35 жыл бойы үздіксіз өлшеген бір орманшы мынадай жағдайды байқады. Баобаб әр жылдары біресе жуандап, бірер жылдан кейін ыстықтың әсерінен суы кеміп қайтадан «арықтап» қалады. Мысалы 1938 жылы бір ағаштың диаметрі бес жарым метр болса, сегіз жылдан кейінгі құрғақшылықта жуандығы 20 сантиметрге кеміген.



Мәтіннің стилін анықтаңыз.



Асты сызылған сөздердің жұмсалыу мақсатын анықтаңыз.

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

- тыңдаушылардың өз пікірін анық айтуға үйрету;
- қазақ тілінің дамуы туралы түсініктерді кеңейтіп, таза сөйлеуге дағдыландыру;
- пікір алмасуды үйрене отырып, оның түрлерімен танысу және ойталқы мәдениетін түсіндіру.

САБАҚТЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:

Ж. Бұлғақ. Сөз менеджменті, 2021ж.

Қазақ тілі оқулық. Астана, 2013 ж.

**СӨЗҚОРЖЫН**

ойталқы
пікірталас
қарсылас
тәсіл
шешендік
факт
уақыт
құрметтеу
тыңдау
идея
көзқарас

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ: Жаңа сабақ**САРА СӨЗ**

*Адамды даңққа бөлейтін екі
қасиетті өнер бар:*

*бірі - қолбасшылық, екіншісі -
шешендік.*

М.Т. Цицерон



1-тапсырма. Жоғарыда берілген сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құраңыз.

1.
2.
3.
4.
5.



2-тапсырма. Өз тобыңызда талқылап, сөйлемдер арқылы мәтін құрастырыңыз. Мәтінге тақырып тандаңыз.
Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/blogs/25962/>

.....

.....

СӨЗТҮЗЕР

Бағасы қымбат. Қазақстандағы тұрғын үй бағасы ең қымбат қалалардың рейтингісі жарияланды. Қазақ тілінде баға жоғары не төмен болады, ал сатылған заттың өзі қымбат не арзан болады. Дұрысы: Қазақстандағы тұрғын үй ең қымбат//тұрғын үй бағасы бәрінен жоғары қалалардың рейтингі жарияланды.

СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Әйтеке би бір жолы құн даулай Ұлы жүзге келеді. Төле би қарсы алып:

- Биеке жол болсын?-дейді.
- Айтқаныңыз келсін, би! Жол болмақ сізден болсын!
- Тірімен таныскалы келдік, өліге болыскалы келдік,-дейді Әйтеке.
- Бұйрығыңызға құлдық. Қылышыңыз болса – мойнымызға, құшағыңыз болса – қойнымызға, – деп Төле орнынан тұрады. Төле би тысқа шығып кеткен соң Әйтеке бірге келген жолдастарына:
 - Сіздер не ұқтыңыздар? Ердің құны екі ауыз сөз деген осы. Төле би отаулап қыз беретін болды, - депті. Оны қайдан білдіңіз? – дейді жолдастары.

Жауап:

«Қылышың болса-мойныма» дегені – айыбын мойындағаны. «Құшағыңыз болса – қойныма» дегені – кісінің құнына жасаулап қыз беремін дегені, мен тұспалдап айнып қалмайсыз ба деп едім, «Сіз келіссеңіз, біз қамына кірістік» деп шығып кетті, – деп мән-жайды түсіндіріп берінті. Айтқандай-ақ, Төле би құн даулай келген қонақтарын отаулап, жасаулап қыз беріп, екі-үш күнде разы қылып қайырыпты.

Martebe.kz

Пікір алмасу - талас мәселенің шешімін іздеп табу, шындық пікірді көрсету.

Ойталқы - көпшілік арасында ғылыми және қоғамдық тақырыптарда өтетін сөз жарысы.



Пікірталасқа қатысушыларға қойылатын талаптар.

Тақырыптан ауытқымау	Өзін-өзі дұрыс ұстау (сөзге тоқтау, салғыласпау, ашуға ерік бермеу)
Өзіндік көзқарасы, ұстанымы болуы керек	Қарсыластың кезекті пікір айтуына жол беру
Сөйлеу мәдениеті болуы	Тақырыптың мазмұнын ашуды басты назарда ұстау
Берілген уақытты үнемді пайдалану, нақты пікір айту	Қара басының намысымен қатар ортақ мүдде мен әділ шешімді мойындау батылдығы
Берік сенімділік, өз пікірін дәлелді жеткізу мен азаматтық намыс	Қарсыластың пікірінің дұрыс, бұрыстығын саралай білу жылдамдығы

Пікірталас кезіндегі сөз оралымдарын қолдану мақсаты

Қолдану мақсаты	Сөз оралымдары
Сөзді қайталап пысықтау мақсатында	Сіз ... деп айтқыңыз келді ғой деймін?, Сіздің ойыңызша ... болды ғой?, Егер мен Сізді дұрыс түсінсем..., Басқаша айтқанда Сіз ... деп санайсыз ба, сонда?
Сөзді анықтау мақсатында	Кешіріңіз, сөзіңізді тағы бір қайталап жібересіз бе? Не айтқыңыз келіп тұрғанын аса түсінбей тұрмын, Сіздің айтпағыңыз не?
Ойды түйіндеу мақсатында	Менің пайымдауымша, Сіздің басты идеяңыз... ғой, солай ма? Меніңше, Сіз ... сезініп тұрған сияқтысыз, Бәлкім, Сіз ... боларсыз, т.б
Сезімді білдіру мақсатында	Өте жақсы түсіндірдіңіз, ризашылығымды білдіремін, көп рақмет! Сізге мың алғыс!
Өзінің қателескенін сыпайы түрде жеткізу мақсатында	Менің айтпағым ол емес еді, нақтырақ айтуға рұқсат етіңіз және ұтымды мәтелдерді дұрыс кіріктіру.



3-тапсырма. Жоғарыда көрсетілген талаптар мен сөз оралымдарын қолдана отырып, қарсыласыңызбен пікірталас мәтінін әзірлеңіз.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....



БІЛЕ
ЖҮРІҢІЗ!

Пікірталас түрлері

1

Сөзталас – орыс сөзі (трения), мағынасы бірдеңені, қандай да бір мәселені көпшілік арасында талқылау. Сөзталас, ойбөліс сияқты баяндамаларды талқылағанда, хабарламалар жасағанда, жиналыстар мен конференцияларда орын алады.

2

Айтыс - қазақтың сөзі. Мағынасы - екі адамның, екі топтың арасында суырып салма өлеңмен кезектесе айтылатын сөз жарысы, өнер сайысы.

3

Ойбөліс - француз сөзі (debat), мағынасы - «айтыс», «жарыссөз». Ойбөліс - көпшілік алдында екі адамның не екі топтың бірдеңе туралы ой-пікірлерін ортаға салуы. Ойбөлісте пікір қарама-қарсылығы болғанымен, түсіністікке негізделеді.

4

Пікірсайыс - бірдеңені талқылау мақсатында жиналыстарда, баспасөз беттерінде орын алатын сайыс.

АЙТЫЛЫМ



4-тапсырма. «Білім берудегі трендтер: пайдасы мен зияны» тақырыбында жақтаушы/даттаушы болып екі жақты ой бөлісіңіздер.

**5-тапсырма. Пікірталас бойынша төмендегі сұрақтарға жеке жауап беріңіз.**

- Қазіргі білім сапасы қаншалықты жоғары немесе төмен?
- Онлайн оқу/офлайн оқу білім сапасын қаншалықты оң дәрежеде көрсете алады?
- Жас мамандардың жоғары сыныпқа білім беруі қаншалықты дұрыс деп санайсыз?

ЖАЗЫЛЫМ**6-тапсырма. Оқыңыз. Пікіріңізді «иә» немесе «жоқ» жауабымен жазбаша білдіріңіз.**

Тамара Асар – әнші.

- Мен өте ырымшыл жанмын. Ырымға сенетінім соншалық – Қазақстанда менен өткен ырымшыл әнші жоқ шығар. Түрлі ғылыми болжамдарға да сенемін. Бірақ мен үшін қазақтың ырымдары бәрінен де биік. Халқымыздың әрбір ырымы дәл келетіні сонша, мен мұны ырымдар тура келіп, бірде пойыздан, біресе ұшақтан қалып қойып, діттеген жеріме кешігіп қалғасын айтып отырмын. Сол көзім тартса, көзіме қағаз жабыстырып, дұғамды айтып, уайымдаймын. Расында да, сол көзім тартқаннан кейін көп ұзамай, жайсыз жаңалықтар еститін кездер болады...



.....

.....


.....

.....

.....

.....

Пікір білдірер алдында мына нәрсе есте болсын!



ҚОРЫТЫНДЫ



Берілген мәтінді оқып, түйін сөздерді сәйкестендіріңіз.

№1. Бәрінен бұрын пікірталастың тақырыбына қатысты ұғымдарды анықтап алып, қажетті сөздер мен терминдерді дәл тауып қолдану қажет. Әсіресе ғылыми терминдерді шектен тыс қолданбаған жөн.

№2. Кейде көпмағыналы сөздердің әсерінен түсінбестіктер орын алуы мүмкін. Көпмағыналы сөздерді дұрыс іріктеп қолданбау сөйлеудегі қателікке ұрындырады. Сондықтан кейбір жағдайларда сөзді қандай мағынада жұмсап тұрғаныңды айтып қойған да жөн. Сөз мағыналарымен жұмыс істеу мақсатында түсіндірмелі және этимологиялық сөздіктерді жиі қолдану қажет.

№ 3. Кейде қарсыласыңның келтірген дәлеліне келіскен де дұрыс. Бірақ келісе отырып, ол дәлелдердің пікірталас тақырыбына тікелей қатысы жоқ екендігін түсіндіре алу қажет. Сөйтіп, өз көзқарасыңның дұрыстығын қорғай алу қажет. Егер қарсы жақтың келтірген дәлелдері ақылға сыйымды, орынды болса, оған қарсы шығудың керегі жоқ. Қасарысқан қыңырлық еш уақытта пікірталаста нәтиже бермейді.

№ 4. Пікірталас мәдениетінде қарсыласыңды құрметтеу, пікірін сыйлау, оны сабырлықпен тыңдай білу керек. Оның дәлеліне нанымды дәлелдермен тойтарыс беруге болады, бірақ дөрекі сөздермен, мазақ күлкімен жәбірлеуге, дауыс көтеріп ұрысуға мүлдем болмайды. Өзгелердің көзқарасын құрметтей білу – ойлы, ақылды, білімді адамдардың ісі.

№ 5. Пікірталаста қызбалыққа салыну орынсыз. Эмоцияға берілген адам қарсы жақтың пікірін түсінуге, тыңдауға құлықсыз болады. Керісінше, салқынқанды, сабырлы, өзін-өзі ұстай алатын адам әр уақытта жеңіске жетеді. Себебі ол анық, айқын, байыпты ойлай алады.

№ 6. Көпшілік алдындағы сөз секілді, пікірталастағы сөздің күші – әсер ету мүмкіндігінде. Ол неғұрлым айқын, неғұрлым нақты болса, әсер ету күші де соғұрлым күшті болады. Сөздің дұрыстығы, дәлдігі, жатықтығы, тазалығы – ой айқындылығының басты шарттары.

№ 7. Пікірталаста ойды анық жеткізудің басты тәсілі – сөздің грамматикалық құрылысын меңгеру. Ойды жеткізу тәсілдерін мәтінмен жұмыста үйренуге болады.

Пікірталас мәдениетінің басты талабы сөздерді мағынасына сай орынды жұмсай білу керек

Пікірталаста барлық пікірге бірдей қарсы шыға беруге болмайды

Грамматиканың заңдылықтарын игеру сөйлемді мақсатына сай құру үшін керек

Пікірталасқа түскендердің бәріне бірдей қолданылған сөздер түсінікті болу керек

Пікірталаста сабырлылық сақтай білу – сайысшы үшін маңызды қасиет

Пікірталаста қызбалыққа салыну орынсыз

Пікірталаста ой мен сөздің бірлігі – жеңіске жеткізетін құрал



1

САБАҚ

Билер сағаты



Қорытынды

Деңгейіңізді байқап көріңіз



ҚАЛЫҢАҢ БИ ТӘЛБЕ БИ ӘЙТЕКЕ БИ

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

- тыңдаушылардың ұлттық тіл тарихы туралы түсініктерін кеңейту.
- қазақ тілінің дамуы туралы түсініктері кеңейіп, әдеби норма бойынша сөйлеуге дағдыландыру.
- қазақ тілінің шұрайы мен сөз әдебі, сөйлеу мәдениеті арқылы ұлттық құндылықтарды сақтауға тәрбиелеу.

САБАҚТЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:

Қ.Жолдыбай. Кемел адам. Алматы, 2022 ж.

Ж.Ерекешова. М.Меңдібаева. *Қазақ тілін кинофильмдер арқылы оқытуға арналған жаттығулар жинағы.*

Интернет ресурстары

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:**Жаңа сабақ****САРА СӨЗ**

*Би- екеу болса,
дау- төртеу болады.*

Халық даналығы

СӨЗҚОРЖЫН

сөз бастау
дұрыс шешім
тауып айту
сұрақ-жауап
әділдік
түйін
хан
сұлтан
тарих



1-тапсырма. Жоғарыда берілген сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құраңыз.

1.
2.
3.
4.
5.



2-тапсырма. Өз тобыңызда талқылап, сөйлемдер арқылы мәтін құрастырыңыз. Мәтінге тақырып тандаңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

СӨЗТҮЗЕР

Бай-бағылан. Олай болса, күні ертең бай-бағыланның балалары ата-аналарына арыз-шағым түсірмейтініне кім кепіл? Емле қатесі кеткен: бұл сөйлемдегі бай-бағылан қос сөзінің екінші сыңарының жазылуы бағлан түрінде болады. **Дұрысы:** бай-бағлан.

СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Төле, Қазыбек, Әйтеке үшеуі Күлтөбенің басында ұзаққа созылған мәжіліс аяқталар соңында үш ауыз сөз айтатын болып келіседі.

Жолына қарай әуелгі сөзді алған Төле би қандай сөз айтты?

Жауап:

*Шешендіктен не пайда,
Артында сөзі қалмаса.
Батырлықтан не пайда,
Халқына қайраны болмаса.
Хандықтан тіпті пайда жоқ,
Қараиасын жалмаса.
Молдалықтан пайда жоқ,
Шаригатты өтірік айтып,
Надандарды алдаса.*

Martebe.kz

ТЫҢДАЛЫМ, АЙТЫЛЫМ



1. Шешендік сөз. «Қиын мен оңай».



Ойталқы. Дүниеде не оңай, не қиын?



2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Шешендік сөз «Адамды қалай тануға болады?»

1. Жігіттің қойған сұрағы қандай?
2. Данышпан қария кімді шақыруды сұрады?
3. Қарияның шешімімен келісесіз бе?
4. Сіздің досыңыз қандай жан?



3. Сахналық көрініс. «Жоғалған тайға төрелік».



1-Мәтін

Шешендік сөздер - халық ауыз әдебиетінің ерекше жанры. Қазақтың даналық үлгісі болып саналатын асыл мұра шешендік сөз үлгілері бірнеше кезеңге бөлінеді:

1. XII – XIII ғасыр – Майқы би, **Аяз би**.
2. XIV – XV ғасыр – Асан қайғы, Жиренше шешен.
3. XVI – XVIII ғасыр – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би.

Қазақ шешендік өнері Майқы би мен Аяз биден басталады. Халық арасында «Түгел сөздің түбі бір, – Майқы би» деген нақыл сөз содан қалған. Шешендер – «ердің құнын сөзбен бітіретін», жауласқан елдің арасына бітім айтатын даналық сөздің иелері. Бөлтірік шешеннің айтуынша, тәтті де, да сөз болған. Шешендік өнердің туралы Бұқар жырау да ерекше айтып кеткен.

Қазақ шешендік өнерінің тарихынан ерекше орын алатын би – **Төле би** Әлібекұлы 1663 жылы қазіргі Жамбыл облысына қарайтын Шу өзенінің бойындағы **Жайсаң жайлау** деген жерде дүниеге келіп, 1756 жылы дүние салған. Әз Тәуке ханның заңдар жинағын жасауға қатысқан, «Билер кеңесінің» мүшесі болған. Төле биді әділдігіне, қарап «Қарлығаш әулие», «Қарлығаш би» деп атаған. Төле биден қалған көптеген **нақыл**, өсиет, шешендік сөздер, толғаулар бар.

1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз.**Керекті сөздер:**

- түп атасы • екі ауыз • ащы • «Жеті жарғы»
- қиындығы • парасаттылығына

2. Қарамен жазылған сөздерді пайдаланып, сөйлем құраңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

2- мәтін.**ҚАРА ЖЕРГЕ ХАЛЫҚ ИЕ**

Дәулетқали деген жер қорып, елдің түйесін жайғызбаған соң, Тұрлан келіп:

- Түйені неге қайырасың? - дейді.

- Түйенді қайырмай, мұнда сенің бақтырып қойған жерің бар ма еді? - дейді Дәулетқали.

- Атаңа нәлет, ақ сүйек! Төренің елі деген елді қайдан көрдің, жерді қайдан көрдің? - деп сабайды.

«Төре тұқымына тіл тигізіпті» деген хабар Орынбордағы Әлен ханға жетеді. Хан қаһарланып, Тұрланды өлтірмек болып үш жүз кісімен Асаудың ауылына келіп, Тұрланды шақыртып алдырады.

Тұрлан келіп:

- Әлен, соқыр! Мені неге шақырдың? - дейді. Сонда хан қылышын қынабынан суырып алып, төрт сардар биіне қарап:

- Мынаның төресін беріңдер! - депті.

Сардардың бәрі жаза кесуге Тұрланнан, «**кешірім**» деуге ханнан қорқып Айтуар шешенге қарапты. Сонда Айтуар шешен орнынан ұшып тұрып:

- Ай, хан! Бұрынғыдан қалған сөз жоқ па еді, «қара қазаққа хан ие, **қара жерге халық ие**» деген қайда? Хандығыңды бер де жерді ал, хандығыңды қимасаң, қара жерде нең бар? - депті.

Сонда халық қаһарынан қаймыққан хан:

- Бас тақсыр! Төрене құлдық! - деп отыра кеткен екен.



1-тапсырма. Мәтінді оқи отырып, ақпараттың дұрыс немесе бұрыс екендігін белгілеңіз.

Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
Дәулетқали түйе жайып жүрген кедей шаруа	☐	☐
«Төре тұқымына тіл тигізіпті» деген хабар Орынбордағы Әлен ханға жетеді	☐	☐
Тұрланды өлтірмек , жүз кісімен Асаудың ауылына келіп, Тұрланды шақыртып алдырады	☐	☐
Әлен хан ашумен Тұрланның арқасын тіліп жібереді.	☐	☐
«Қара қазаққа хан ие, қара жерге халық ие» деген қайда? Хандығынды бер де жерді ал, хандығынды қимасаң, қара жерде нең бар? -депті	☐	☐
Тұрланның айтқанына келіспеген Әлен хан жайылымдағы түйелерді қуып шығуға бұйрық беріпті.	☐	☐



2-тапсырма. Асты сызылған сөзді тақырып етіп ала отырып, шағын эссе жазыңыз.

[illegible]

ЖАҒДАЯТ.**№1.**

Елдің береке-бірлігін ойламай, ылаң мен қанды жақтадың, айыбың сол.
Өз кегім емес, қазақтың кегі. Жауласаң жаулығыңа, елдесең елдігіңе
тұрамын.

Кейіпкердің атынан сөйлейтін сөзіңіздің мәтінін әзірлеңіз.

Барақ сұлтан - ...

№2.

... Менің айтқанымның бәрін жеткіз! Бір сөзімді жұмсартушы болма!
Маған жаның ашымай-ақ қойсын! Көп болса бір қазаққа итжекеннен топырақ
бұйырар. Кешегі Абылай өлгенде де қазақтың шаңырағы ортасына түскен
жоқ.

Кейіпкердің өжеттігіне баға бере отырып, ойыңызды дәлелдеңіз.

Барақ сұлтан - ...

Адамды даңққа бөлейтін екі қасиетті өнер бар: бірі - қолбасшылық,
екіншісі - шешендік» - деп ұлы шешен-ділмар М.Т. Цицерон айтып кеткендей,
жеке пікірдің қалыптасып, жеткізе білудің өзі – үлкен өнер. Қиыннан
қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы
да баталы, нақыл, көркемсөзді келістіре айту – кез келген жанның бойынан
табыла бермейтін қасиет екені анық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кез келген адам шешен бола ала ма?

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

Курс тыңдаушыларының курс барысында алған білімдерін пысықтау, бекіту. Дұрыс сөйлеу

САБАҚТЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:

Сөз менеджмент. Ж. Бұлғақ.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

Жаңа сабақ

**Сауалнама**

1. Сіз үшін курстың маңызы қандай?

☐ Жоғары

☐ Орташа

☐ Төмен

2. Өзіңізге қажетті ақпаратты ала алдыңыз ба?

☐ Иә

☐ жоқ

☐ білмеймін

3. Алдағы уақытта курстың қандай форматта ұйымдастырылғанын қалайсыз?

.....

.....

.....

.....

.....

.....

4. Сабақ барысында оқытушымен қарым-қатынасыңыз қандай?

☐ Жақсы

☐ өте жақсы

☐ нашар

5. Курсқа жазылу үшін әріптесіңізге немесе достарыңызға кеңес бересіз бе?

☐ Иә

☐ жоқ

☐ білмеймін

СӨЗТҮЗЕР

Барғым кеп жатыр. *Ауылға барғым кеп жатыр.* Қалып етістіктерді дұрыс қолданбаған жағдайда, тіл бұзылады. Адамның қалауын білдіретін сөйлемдерде қалып етістіктері сөйлеушінің қалауынын уақытқа қатынасын білдіреді. Мәселен, *барғым кеп жүр* десе, жалпы *барғысы кеп жүргенін*, қашан баратынын өзі де шамалай алмайтынын түсінеміз. *Барғым кеп отыр* десе, ол адам әне-міне жолға шыққысы кеп отырғанын білуге болады. *Барғым кеп тұр* десе, дәл қазір кеткісі келетінін, бірақ баруына кедергілер де болуы мүмкін екенін, соған байланысты жолға шығатын-шықпайтыны белгісіз екенін ұғамыз. Ал енді *барғым кеп барады* десе, тағатсызданып тұрғанын байқауымызға болады. Көріп отырғанымыздай, бұл қатарда барғым кеп жатыр тіркесі жоқ. Дұрысы: *ауылға барғым кеп тұр*.

СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Бөлтірік ауылының бір кісісі ұрлыққа түсуін қартайғанша қоймапты. Ұрлық болғанда біреудің ұсақ-түйек бұйымын жымқырып кете береді екен. Бір күні түнделетіп көрші ауылдағы тойдан қайтып келе жатса, әлгі шал ұшырай кетеді. Оны танып қалған Бөлтірік:

- Түнделетіп неғып жүрсің? - десе, анау:
- Жәй, әшейін Бөлтеке, - деп қипақтайды.
- Арқалап алғаның не?
- Қауын, дарбыз еді.
- Оны қайдан алдың?
- Мына ауылдың қауыны пісіп жатыр екен, содан ала салдым.
- Ұрлап алғаныңыз жарамайды ғой, ақсақал.
- Қараңғы түнде кім көреді дейсіз.

Жауап:

Аппақ сақал қараңғы түнде айдай көрінеді. - Қап, мына сөзің өңменімнен өтті-ау, енді қойдым, қойдым! - депті шымбайына батқан шал. Сол-сол екен, әлгі ақсақал ұрлық қылуын пышақ кескендей қойып кетінті деседі ел.

Курстың басында шешендік қабілетіңіздің деңгейін бір тексеріп алдық.

Соңындағы нәтижені де көрейік!

«Иә» немесе «Жоқ» деп жауап беріңіз.

Кең көлемдегі ақпаратты оқып, қарапайым тілмен түсіндіріп айтып бере аласыз ба?

Өзге адамдардың проблемасын шешуге көмектескен ұнай ма?

Алғашқы болып қол созасыз ба?

Теледидардан дискуссия, дебат көріп отырғанда қатысып көргіңіз келе ме?

Адамдармен сөйлескенде көзіне тік қарайсыз ба?

Есте сақтау қабілетіңізбен ерекшеленесіз бе?

Өзге адамдардың сезімдерін түсіне аласыз ба?

Дауласу барысында дау ұлғайып, қызып тұрған шағында, өз

көзқарасыңызды қорғайсыз ба?

Мән-мағынасыз дау туындағанда өз көзқарасыңызды ұсынып, өзгелер де келісетіндей түсіндіріп, дауды тоқтата аласыз ба?

Өзге адамдар тым баяу сөйлеп тұрғандай көрінетін кездер болды ма?

Өз даусыңызды жазбадан тыңдағанда таңданасыз ба?

Өзіңіздің қимыл-әрекетіңізді сырт көзбен бақылағыңыз келіп, себепсіз видеоға түсірген кездеріңіз болды ма?

«Мен» дегеннен гөрі «сіз» сөзін жиі пайдаланасыз ба?

Өзгелерге өзіңіз білетін ақпаратты өзгелерге айтқан ұнай ма? Жақсы ұстаз шығар ма еді сізден?

Ойыңызды көз алдыңызға сурет түрінде елестете аласыз ба?

Терезеден сыртқа көз тастағанда көргеніңізді нақты суреттеп айтып бере аласыз ба?

Осындай суреттеп айту жаттығулары ұнай ма?

Сіз сөйлеп тұрған сіздің сөзіңіз жайлы тыңдаушылардың не түйгені жайлы ойланасыз ба?

Кез келген жағдайда өзіңіз сол жағдайдың жауапты адамы ретінде сезіне аласыз ба?

Қиын жағдайға тап болғанда сабыр сақтай аласыз ба?

Өз жұмысыңызды көрсетіп, қалай жасағаныңызды көрсеткен ұнай ма?

Сөйлеген сөзіңізді іс-қимылмен бейнелеп көрсете аласыз ба?

Айналаңыздағы адамдар сізді оптимист деп санай ма?

Теледидардан зияткерлік шоуларды көргенде ойынға

қатысушылардан бұрын жауап беретін кездеріңіз бола ма?

Сізге қиын провокациялық сұрақтар қойылғанда сабырмен жауап бере аласыз ба?

ҚОРЫТЫНДЫ

Тест нәтижесі

1. Егер 10-нан аз сұраққа «Иә» деп жауап берсеңіз, сізге міндетті түрде коммуникация құруға байланысты тренингтерге немесе ораторлық өнерді игеруге арналған шеберлік сабақтарына, курстарға қатысу керек. Сонда ораторлық шеберлігіңізді дамытасыз.

2. Егер «Иә» деген жауабыңыз 11-мен 15 саны аралығында болса, коммуникациялық және ораторлық шеберлігіңіздің деңгейін өз бетіңізше жоғарылатсаңыз болады. Себебі ораторлық өнер – ізденіп, еңбектенсеңіз қол жеткізуге болатын өнер түрі.

3. 15 немесе одан да көп «Иә» деген жауап жинасаңыз, сізді құттықтаймын! Сіз нағыз шеберсіз! Дегенмен, білім мен шеберліктің шегі жоқ, сізге тек қабілетіңізді дамытып отыру жеткілікті.

ДИДАР - зат. Көрік, келбет, жүз

Б. Қалиев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б.

БИДАЙЫҚ - жыртықшы құс. Жоңғар Алатауы, Талас, Тарбағатай, Алтай өңірінде мекендейтін құс. Құс қанаты бидайық өсімдігі тәрізді болғандықтан, атауы да соған байланысты.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.

БИДАЙЫҚ - зат. Көктемдегі қар және жаңбыр суы сарқылып жиналатын ойпаң келген жер. Бидайық Қазақстанның орталық және солтүстік облыстарында көп кездеседі (ҚҰЭ)... .

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. / Құраст.: Б. Сүйеркұлова, Т.Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. - 744 б.

АҒАТ - сын. Жаңсақ, жаңылыс, теріс, қате... .

Б.Қалиев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б.

АҒАТ (ағат) ағат - зат. мин. Кварц текті асыл тас. Мұнымен қатар зергерлер күміс бұйымдарды асыл тастардан (лағыл, сапфир, зүбіржат, гауһар, асық және **ағат**, хризопраз,... . Б.Қалиев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б.

АҒАТ - (Тәж.) мақта жүйегі.

Қазақ тілінің аймақтық сөздігі /Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. - 824 б.

ДЕН - Адамның он екі мүшесі, тән.

Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. - Алматы: “Сөздік-Словарь”. 1997.- 368 б.

ДЕН - зат есім. сөйл. **Дене**. Дәл Құдай тағаланы сол саудегердей қыламын дейді: тілін жаттықтырып, **денін** тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды (Абай, Тол. жин.).

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. / Құраст.: Н.Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. – Алматы, 2011. 752 б.

ҒАЙЫП - (араб.) – айып, қате, мін, кінә. «Ол сөзің Құдай тағаланың ғайыбы, міні жоқ емес, толып жатыр, бірақ айтуға бата алмаймыз дегенің емес пе?»... .

Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі/Нұрғали Р. Шығармалары. Т.8. Мақалалар, сөздіктер және биобиблиографиялық көрсеткіш. – Астана: Фолиант, 2013. - 320 б.

ҒАЙЫП - көзге көрінбеу, жасырын тұру. Қазақ тілінде «тылсым күш» (ғайыптан пайда болу, ғайыптың күшімен т.б.) ұғымында да қолданылады.

Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі/Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б. Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

ҒАЙЫП - адам танымы мен ақыл - ойынан жоғары тұрған құпия, тылсым дүние әлемі.... Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.

ҒАЙЫП - Өмірде жоқ, қияли, болжамды іс.

Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. - Алматы: “Сөздік-Словарь”. 1997.- 368 б.

МІР - әмірдің қысқартылған түрі. Қазақ тілінде түбір күйінде, жеке дара қолданылмайды,... .

Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі/Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019-596 б.

МІР - көне. Садақтың алысқа, әрі түзу атылатын түрі. Сауыт киіп сайланған екі батыр,... . (И.Байзақов, Б.Қалиев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б.

МІР - [ир. مړ]: *мірдің* оғындай. Жанға қатты бататын, өңменінен өтетін, зәрлі (сөз).... (Х.Есенж ...Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. /Құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.

МІР - Моншақ тізетін жіп. Мірдің оғы деген жіпті өткізу үшін, моншақ тізу үшін қолданылатын сүйек не ағаш ине, құрал.

Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі / Шойбеков.Р.Н. - Алматы: Ғылым, 1991. - 88 б.

КЕЛТЕ - (Алм., Жам.) сүзек, іш сүзек. Біз келсек Әліш *келте*мен ауырып жатыр екен... .

Қазақ тілінің аймақтық сөздігі /Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. - 824 б.

КЕЛТЕ - (Түрікм., Таш.) аласа бойлы, тапал, қортық. Сіз әлгі келте мұғалімді білмейсіз бе?

Қазақ тілінің аймақтық сөздігі /Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. - 824 б.

КЕЛТЕ - зат. Аурудың аты (қытайша хуйгуйры, орысша тиф). Қайыржан К., Сөз - сандық: Қазақтың көне сөздері. - Алматы: “Өнер” баспасы, 2013. - 480 бет.

КЕЛТЕ - сын есім. Қысқа, ұзын емес, шолақ. Маңмаңгер, кекілің келте, жалың майда,...

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. / Құраст.: Б.Момынова, Б.Сүйерқұлова, А. Фазылжанова және т.б. – Алматы, 2011. 752 б.

МҮКІС БОЛУ - (Қост., Об.) сыну, мертігу. Ол бишараның аяғы қашан мүкіс болған...

Қазақ тілінің аймақтық сөздігі /Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. - 824 бет

МҮКІС ДЫБЫС - Еркін, ашық дыбысталмайтын дыбыс. Екі ішектен кезек іліп-тартып...

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. /Құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.

МӘЖБҮР - амалсыз көну, көндіру, ықтиярсыз істеу, істету.

Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі /Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

МӘЖБҮР - [ар. *مجبور*] сын. Істелуге тиіс, мұқтаж, амалсыз, шарасыз. Ауылдың айтулы... . Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. /Құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә. Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.

АНТ - ақпараттық насихат тобы.

Қазақ тіліндегі қысқарған сөздер./Құрманбайұлы Ш. – Алматы, 2013. - 296 бет.

АНТ - (Ант ұрған) жексұрын. «Қарабай иттің қойы осы болса,... . Журналист Тоқан Бодаухан жинақтап ұсынған сөздер.

АНТ - (пар. ант تَنَا) **Ант, серт.** Сина айтты ант айтқызып екі шартты, Артықша мықты... . Бабалар сөзі. 14-том. 2005. 100 томдық).

Ант ішу – қарғанып-сіленіп сендіру.

Оқигасын өткен істің бәрін айтып, Ант ішіп растады болған істі. («Хикая Әбушаһыма». Бабалар сөзі. 15-том. 2005. 100 томдық).

Ант соққан – ант ұрған. Сендей асыл туады деп, кім ойлапты, Ант соққан,... .

Бабалар сөзі. 55-том. 2009. 100 томдық).

Г. Мамырбекова. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. 2017. –658 б.

РЕҢ - [ир. Лізат. 1.Келбет, түр, түс, өң, шырай (адамға қатысты).

Аурухананың төрт кабырғасы, табыт төсегі, сасық дәрісі басыркып тастаған екен,... .

2. Заттың, нысанның түсі, түрі. Түрлі түстердің ұқсас шырайларының бір-бірінен... .

Қазақәдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том/Құраст. А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.

РЕҢ - 1. дыбыс қаттылығы деңгейінің бірлігі; 2. тіркелуші белгімен қоса қабат жүретін кедергілер.

Физика. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік / Жалпы ред. Басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: Павлодар: «Кереку» баспасы, 2011. – 449 б.

ІІНІ - (Қост.: Об., Тоб.) 1. сөздің, істің реті, жөні мағынасында жұмсалады... .

Қазақ тілінің аймақтық сөздігі /Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. - 824 б.

САЗ - зат. 1. Су араласып, батпаққа айналған топырақ, лай. Аршып алып тастауға, Апандағы саз емес. Бәрі болды өзімнен, Тәңірім салған

наз емес (Абай, Тол. жин.)... .

Қазақәдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том/Құраст. А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.

САЗ - зат. 1. Үн, әуез, ырғақ. Төртінші – әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрамын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнері... .

Қазақәдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том/Құраст. А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.

САЗ - таң саз берді. Таң бозамықтанып ата бастады. Таң саз берген сәтте тау беткейден жел тұра бастады (Х.Ерғалиев, Шындық.).

Қазақәдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том/Құраст. А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.

САЗ - жүрегі сазды. қарны ашып, тамақ ішкісі келді. Ол тысқа шығысымен қарны ашып, жүрегі сазып, талмаусырап төмен тартқандай болды (С. Мұратбеков, Көкорай).

Қазақәдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том/Құраст. А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.

ЖҮЙЕ - Ағзаларды жіктеудің әдісі. Жасанды, табиғи және генеалогиялық жүйелер болады. Ботаникадан қысқаша терминдік сөздік / Г.Н. Паршина, Г.С. Айнаулово, Г.С. Нурмухамбетова - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. - 82

ЖҮЙЕ - қарым-қатынасты және бір бірімен байланысты белгілі бір тұтастықты, бірлікті құрайтын көптеген элементтер.

Білімгерлер мен талапкерлерге, бакалаврлар мен магистрларға, оқытушыларға арналған глоссарий / Үркімбаев М.Ф., Ахметов Ә.С. – Тараз: Тараз университеті, 2011. – 116 б.

ҮНДЕСУ - етістігінің қимыл атауы. 1. Тілдесу, сөйлесу. Бұл ақынның өзімен өзі іштей үндесуінен, сырласуынан туған қоңыр... .

ТҰЛҒА - қоғамда өз орнын білетін адам немесе жеке тұлға, қоғамға пайдасын тигізетін адам. «Тұлға» ұғымы адам өзін қоғамнан бөлектеп, өзгешелігін сезінетіндігін білдіреді. С.Құлманов. Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік (халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласы). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2009. –344 б.

ТҮЛҒА - қоғамда автономды жағдайы (мәртебесі) бар адам және соған сәйкес құқықтарға, бостандықтар мен міндеттерге ие болады.

Азаматтық құқықтық пәндер бойынша терминологиялық сөздік / Г.А. Жаналинов, Ш.А. Алиев. - Қарағанды, 2013. -193 б.

ТҮЛҒА - *Тұлға болу. Тұлға болу тіркесі қазақ тілінде «тірек, сүйеуіш, қамқоршы» болу деген мағынаны білдіреді. Тұлға сөзі, біздіңше, түркі тілдеріне монғол тілдерінен енген. Мысалы, монғол тілінің өзінде.*

А. Ысқақов, Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі, Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, Алматы -1966. - 240 б.

ТҮЛҒА - зат. 1. Белгілі бір елдің танымал адамы, қоғамға еңбегі сіңген қайраткер, айтулы азамат. Концерт пен қабылдауда Қазақстан мен Ресейдің бірқатар министрлері,... .

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. / Құраст.: М.Малмақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. - 800 б.

КЕМЕЛ АДАМ - [ар. «инсан-и камил» – толық адам]. діни. Кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан,... .

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. / Құраст.: Б.Момынова, Б.Сүйеркүлова, А. Фазылжанова және т.б. – Алматы, 2011. 752 б.

ШАРШЫ ТОП - *Дүйім жұрт, күллі халайық. Жаман Сатыбалды тобына қарай жүре бергенде шаршы топтың күншығыс жағынан қара жорға атқа мінген бір қара жігіт келіп...*

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. / Құраст.: М.Малмақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. 800 б.

ЭМОЦИЯ - (*emotions*) – біреуге немесе бір нәрсеге бағытталған қуатты сезім.

Ұйымдық мінез-құлық негіздері, 14-басылым / Роббинс Стивен, Джадж Тимати. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл – 488 бет.

ЭМОЦИЯ - жан күйзелісі, толқу, сезім.

Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы»

қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

ЭМОЦИЯ - адам мен жануарлардың сыртқы және ішкі тітіркендіргіштер әсеріне реакциясы; қоршаған ортамен қарым-қатынас негізінде пайда болатын көңіл күй... .

Психология: Энциклопедиялық сөздік / Бас ред. Б.Ө. Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 624 б.

ЭМОЦИЯ - көңіл-күй - импульсивті реакция албырт, қызба әрекет – субъектінің қажеттіліктерін қанағаттандыратын немесе қанағаттандырмайтын индивидтің қабылдайтын құбылысына қатынасын бейнелейтін әрекеті.

Криминологиялық терминдердің түсіндірме сөздігі. / Нәбиев Ж.Н.– Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ редакциялық баспа орталығы, 2013. – 87 б.

ЭТИКЕТ - белгіленген жүріс-тұрыс тәртібін және тиісті формаларды ұстану.

Қазақтілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б. Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

ЭТИКЕТ - жұмыста, оқу орнында, демалыста және т.б. сияқты түрлі жағдаяттарда адамның іс-әрекеттеріне қойылатын талаптар жүйесі.

Б.Құсбекова. Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік (білім беру саласы).– Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010. – 304 б.

АҚ БАТА - а) Оң бата, оң тілек.

Шаһзада бізбен бірге барсын деді,

Атаның ақ батасын алсын деді (Батырлар жыры)... .

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. / Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.

ДӘСТҮР - Белгілі бір ұлттың немесе халықтың ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын, тарихи қалыптасқан, олардың әлеуметтік ортасында ұзақ уақыт бойы сақталып отырған...

Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2007. - 344 б. Белгілі бір ұлттың немесе халықтың ұрпақтан ұрпаққа беріліп

отыратын, тарихи қалыптасқан, олардың әлеуметтік ортасында ұзақ уақыт бойы сақталып отырған әлеуметтік-мәдени құндылықтар жиынтығы.

ДӘСТҮР – *зат есім. 1. этн. Ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын, тарихи қалыптасқан, әлеуметтік ортада сақталған, әлеуметтік-мәдени құндылықтар жиынтығы,...* . Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. / Құраст.: Н.Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. – Алматы, 2011. 752 б.

РӘСІМ - *белгіленген салтанатты шара, бірнәрсені орындау тәртібі.*

РӘСІМ - *[ар. fuḡ] зат. [лат. caerimonia] 1. Салт, әдет-ғұрып, дәстүр. Көтермес тура айтқанды надан адам, Бұрынғы рәсім қалған заманадан. Дұшпанға пайғамбар да ұнамаған,...*

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том / Құраст. А. Үдербаев, О. Нақысбеков, Ж. Қоңыратбаева және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.

РӘСІМ - «*әдет, ғұрып, салт*», «*әдіс, тәсіл*». Қазақ тілінде «*белгілі бір нәрсенің қалыптасқан тәртібі*» (*марапаттау рәсімі, тұсаукесер рәсімі т.б.*) деген ұғымда да кездеседі.

Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

МИССИЯСЫН АЯҚТАДЫ - *кіт. Өзінің мойнына жүктелген міндетін орындады.*

Бұл өмірге келгеннен соң,

Елшісіндей шет елдің,

Миссиямды аяқтамай,

Қалай ғана кетермін,

Халық деген патшама,

Немен жауап етермін! (М.Мақатаев, Шығ.).

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том / Құраст.: Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. - Алматы, 2011. - 744 б.

АМАНАТ - «*ами*» (*қауіпсіздік, тыныштық*) деген сөзден туындаған «*амана*» сөзі «*иман*» (*сенім*) сөзімен түбірлес. Ол - көп мағыналы сөз, негізінен, «*сенімділік*» және «*сеніп тапсырылған*».

Діни терминдер сөздігі. Мухитдинов Р.С. – Алматы: 2012. – 140 бет.

АМАНАТ – *дәстүрлі ортадағы әрі құқықтық, моральдық-этикалық*

мәнді ұғым. Әлеуметтену үрдісіндегі адамдар арасындағы үлкен сенім мен жауап-кершілік жүктейді. Бір адамның екінші біреуге сақтауға берген немесе екінші бір адамға та-быс ету үшін берген мүлкі, заттары немесе малы.

Аманатқа адамды да берген. Ертеде соғысқа, алыс сапарға жүретін адам, сондай-ақ, өлер алдында артында жанашыр жақынсыз қалып бара жатқан бала-шағалары мен мал-дүниелерін адамгершілігі күшті, сенімді, адал адамдарға тапсырып кететін болған. Дәстүрлі ортада **аманат** алған адам әрқандай қиын жағдайда да **аманатқа** қиянат жасау Тәңір алдында кешірілмес күнә болып есептеледі. Қазақ ұғымында **аманат** алған адам, қашанғы оны өз иесіне аман-есен тапсырғанша Тәңір алдында қарыздар адам саналады, оған адамдық арымен, жанымен жауапты саналады. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.

ҚИЯНАТ ЖАСАДЫ [ІСТЕДІ] - Зорлық-зомбылық көрсетті. Осыдан шығар қорытынды: ақындар (әсіресе жастар), жыр жазудың оңай тәсіліне бағып, қасиетті поэзиямызға қиянат... .

Б. Қалиев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б.

ПІКІРТАЛАС - зат. Бір мәселеге байланысты пікірлерін ортаға салу кеші, пікірсайыс. Жұмекеңнің «Гүл туралы балладасына» баспасөзде сан қилы қарама-қайшы пікірталастары... .

Б.Қалиев, Ж.Түймебаев, Ш. Құрманбайұлы, С.Исакова. “Мұқағали тілі” сөздігі. – Алматы, 2017

ПІКІРТАЛАС - зат. Өз ойын, идеясын ортаға салу, қорғап сөйлеу, пікірсайыс.

Қорғау үстінде кейбір мәселеден Мұхаңмен келісе алмайтындығымды айтқанда,... .

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том / Құраст. А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б. з а т.

ФАКТ - (лат.*factum* – істелген, жүзеге асқан) - әдеттегі мағынада факт «оқиға», «құбылыс» ұғымдарының синонимі болады. Факт – бұл адам қызметінің немесе танымының объектісі... . Зағыпаров Қ.Ф. Философиялық терминдердің сөздігі. - Павлодар: ПМПИ, 2011.

– 138 б. (лат.factum – істелген, жүзеге асқан) - әдеттегі мағынада факт «оқиға», «құбылыс» ұғымдарының синонимі болады. Зағыпаров Қ.Ф. Философиялық терминдердің сөздігі - Павлодар: ПМПИ, 2011 - 138 б.

ФАКТ - 1) айғақ; дерек; мәні; 2) ақиқат, шын болған іс, оқиға.

Азаматтық құқықтық пәндер бойынша терминологиялық сөздік / Г.А. Жанапинов, Ш.А. Алиев.- Қарағанды, 2013. -193 б.

ФАКТ - эмпириялық және теориялық білімді құрастыруда қатысатын тәжірибе буыны; бағдарлама құралдарымен бейімделген эмпириялық нақтылық... .

Ғылым тарихы мен философиясы: магистранттарға арналған оқу құралы / Д.Б. Тойматаев. - Қостанай: ҚР ИМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, 2016. – 209 б.

ИДЕЯ - 1) адам ойы, пікір; 2) сана арқылы жасалған образ, бейне.

Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

КӨЗҚАРАС - көз тастау, көз тігу. Көзқарас — адамның, әлеуметтік топтың немесе тұтас қоғамның айналада болып жатқан үрдістерге және құбылыстарға қатысын айқындайтын... .

Қ.Б. Жарықбаев. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. Сөздік словарь баспасы. 2006. - 387 б.

ТҮЙІН - ет. Бір нәрсені сезіну, түсіну, түйсіну. Оған қосымша, жасыратыны жоқ, осы жинақтың редакторы Сағидың ықпалы, оның жонып, ұштап жіберген авторлары да аз емес... .

Б.Қалиев, Ж.Түймебаев, Ш. Құрманбайұлы, С.Исакова. «Мұқағали тілі» сөздігі. – Алматы, 2017 ет.

ТҮЙІН - зат. 1. Бір нәрсенің шиеленіп байланған жері.

Тартып байлаған қыл арқанның **түйіні** қатты, жас бала тісімен қанша тартқыласа да, түк...

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. / Құраст.: М.Малмақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. - 800 б. з а т.

ТҮЙІН - Өсімдік гүлі аналығының төменгі, жуандаған қуыс бөлігі; өсімдіктің аналық мүшесіндегі тұқым бүршіктері орналасқан бөлігі.

Биотехнология: Оқулық / Аубакиров Х. Ә. - Алматы: ЖШС РПБК

«Дәуір», 2011.- 368 бет.

ТҮЙІН - зат. 1. бот. Өсімдіктің алғашқы байланған жеміс түйнегі. Алмаң өсіп, гүлін жарар, **Түйін** түйіп, алма салар (Ө.Тұрманжанов, Бозша.)... .

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. / Құраст.: М.Малмақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. - 800 б.

АСЫЛ - құнды, таза, қымбат», «ардақты, қымбатты, текті, сүйікті», «шын, шыны, дәл, нағыз», «шыққан тегі, түбі». Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

ТОЛҚУ - 2 зат. 1. Әділетсіз іске қарсы білдірілген жаппай наразылық. Көпшілікте *то л қу* бар, бірақ қарулы топтан қорқады, өздері де айдауда кетіп бара жатқанмен тең (Т. Тілеуханов, Өмір.).

ТОЛҚУ - көңіл-күйдің толқуы. Адамның көңіл-күйінің кенеттен өзгеріп, бұрқан-тарқан болып эмоцияның сыртқа тебуі (долдану, үрейлену, торығу т. б.). Физиология терминдерінің түсіндірме сөздігі / Несіпбаев Т. 2-басылым. - Алматы: «Агроуниверситет» баспасы, 2004. - 226 б.

ДЕРБЕС - сын есім. Жеке дара, бөлек, тәуелсіз. Аты аңызға айналған барлық түркі халықтарының атасы - «Алаш» атын алған партия қазақ даласындағы алғашқы **дербес** партия болды («Егемен Қазақстан»). Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. / Құраст.: Н.Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. – Алматы, 2011. 752 б.

ДЕРБЕС - дербес әрекетті, бағынышты, тәуелді емес. Физиология терминдерінің түсіндірме сөздігі / Несіпбаев Т. 2-басылым. - Алматы: «Агроуниверситет» баспасы, 2004. - 226 б.

БАЙСАЛДЫ - сын. Ұстамды, байыпты, сабырлы (адам).

Малшылар дүрілге, үрейлене бастады.

ШЕР - «ашу, кек, ыза», «жауыздық, қастық». Қазақ тілінде «уайым, қасірет» деген ауыспалы мағынада қолданылады.

Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

ШЕР - (Маң., Маңғ.; Шымк., Мақт.) *ержүрек, қайратты, жүректі, батыл.*

Молдағали - **шер** жігіт (Маң., Маңғ.).

Қазақ тілінің аймақтық сөздігі /Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. - 824 б.

Шер - зат. *Қайғы-қасірет, мұң-зар, уайым.*

...Жаманнан көрген қорлығың

Көкірекке біткен шермен тең.

(Шал ақын).

Хейт - Бұл сленг те ағылшын тіліндегі *to hate* етістігінен шыққан. Мағынасы — жек көру, жақтырмау, ұнатпау.

ХЕЙТЕР - көре алмаушы; жетістікке жеткен, өзі көре алмайтын адамдарды белсенді түрде жамандап, кері насихат жүргізетін адам.

Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі /Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исакова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

КОСЯКҚА КІРУ - ыңғайсыздыққа тап болу; (Трендке айналған сленг)

ҚҰЛАҚҚА ЛАПША ІЛУ - өтірік соғу; (Трендке айналған сленг)

МАЯК ТАСТАУ - қысқаша қоңырау шалу; (Трендке айналған сленг)
<https://informburo.kz/kaz/masele/trendke-ainalghan-sleng-zastar-tilinin-subarlanuynan-qazaq-tili-qagazu-korip-otyr-ma>

МАЯК - зат. Теңіз жағалауын бағдарлауға арналған мұнара шам.

Жагадан маяк көрініп бұлдыраса таяуда,... .

Б.Қалиев, Ж.Түймебаев, Ш. Құрманбайұлы, С.Исакова. “Мұқағали тілі” сөздігі. – Алматы, 2017

МАЯК - зат. Жағалауды бағдарлауға арналған мұнара шам, шамиырақ.

Көкірек пристань жұмысшыларының бәрімен таныс. Айсыз қараңғы түндерде қайықпен... .

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. /Құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.

ТАСТАУ - *Таста етістігінің қимыл атауы . Әкелген айдап жыраққа, Өмір де, шіркін, құйын-ау. Не десең о де, бірақ та Отанды тастау – қиын-ау! (3,24). Үйренген кәсібін адам көзі жұмылға... .*

Б.Қалиев, Ж.Түймебаев, Ш. Құрманбайұлы, С.Исакова. “Мұқағали тілі” сөздігі. – Алматы, 2017

ТАСТАУЫҚ - *зат. муз. Үрлеп ойнайтын байырғы сөз аспабы. Кештің екінші жартысында Болат Сарыбаев қазақ халқының үскірік, асатаяқ, сазсырнай, тастауық сияқты ұлттың... .*

Б.Қалиев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б. зат. муз. Үрлеп ойнайтын байырғы сөз аспабы. Кештің екінші жартысында Болат Сарыбаев қазақ халқының үскірік, асатаяқ, сазсырнай, тастауық сияқты ұлттың көне аспаптар тарихымен таныстырды (Қаз. әдеб ... Б.Қалиев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б.

ШПОР ЖАСАУ– *жауап парағын дайындау.*

ЕСКЕРТПЕЛЕР ҮШІН

[illegible]

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
2. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, 1997 жылғы 11 шілде;
3. Қазақстан Республикасында Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;
4. Р. Сыздық. Тіл және ұлттық мәдениет, Астана, 2018;
5. М. Балақаев. Қазақ тілінің мәдениеті, Алматы, 1971;
6. З. Бейсенбаева, Н. Уәлиев. Тіл мәдениеті. Оқу құралы, Алматы, Print-S, 2005, 112 б.;
7. А. Байтұрсынов. Әдебиет танытқыш, Алматы, 1991;
8. Н. Уәлиев. Сөз мәдениеті, Алматы, 1991;
9. Ш.Құрманбайұлы, Ж.Жақыпов, Т.Ермекова, О.Жұбаева, Б.Сүйеркүл, Н.Қожабек, А.Әлменбет. СӨЗТҮЗЕР (Қате қолданыстар сөздігі). Нұр-Сұлтан, 2021. – 402 бет;
10. Тыңда! Түсін! Тіл үйрен!. Қызылорда, 2022;
11. Л. Успенский. Культура речи;
12. Қазақ тілін кинофильмдер арқылы оқытуға арналған жаттығулар жинағы. Астана, 2023;
13. Ж. Бұлғақ. Сөз менеджмент.
14. С.Бизақов. Синонимдер сөздігі. – Алматы. Арыс баспасы, 2007.

СӨЗ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ
С1 жоғары деңгейіне арналған оқу құралы

Құрастырушылар: Ж. Ерекешова, А. Орынбаева

Редактор-корректор: М. Ермахан



Пішімі 70x100_{1/16} Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 10,4

Таралымы 1000 дана.

«СӨЗ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ»

С1 жоғары деңгейіне арналған оқу құралы

Сіздерге ұсынып отырған «Сөз және сөйлеу мәдениеті» С1 жоғары деңгейіне арналған оқу құралы өңір халқының тілді білу деңгейіне сәйкес әзірленді. Сабақ барысында қазақ халқының тілек айту, бата беру дәстүрі мен көңіл қосын білдіру, аманатқа берік болу, іскерлік қарым-қатынас орнату сияқты мәселелер бойынша нақты мысалдар мен тапсырмалар қамтылған. Сондай-ақ, тыңдаушының тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым, сөйлесім дағдыларын дұрыс қалыптастыру мақсатында ұлттық сөз оралымдары (шешендік сөздер, аңыз-әңгімелер) берілген. Курс барысында тыңдаушы шұрайлы һәм таза сөйлеуді, кесімді пікір айтуды, дәлелді тұжырым ұсынуды үйрене отырып, қазақтілінедеген құрметі артады.